

Еспекова Л.Ә.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ

Оқулық



Еспекова Л.Ә.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТҮЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ

Оқулық



ЭВЕРО
Алматы 2020

ӘОЖ 811. 512. 122. 34 (075.8)

КБЖ 81.2 қаз – 1 я 73

Е 84

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Т.Ә.Әбдіғалиева**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Г.О.Сыздықова**

Е 84 Еспекова Л.Ә.

Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. - 104 бет.

ISBN 978-601-240-526-2

Оқулықта қазіргі қазақ тілінің фонетикасына қатысты мәселелер сөз болады. Тілдің дыбыстық жүйесі, оның зерттелуі, буын құрамы, үндестік заңдарының түрлері, екпіннің қызметі секілді мәселелер жан-жақты қамтылған.

Оқулық кредиттік жүйеге негізделіп жасалып отыр.

Еңбек жоғары оқу орнының филология факультетінің студенттеріне арналады.

ӘОЖ 811. 512. 122. 34 (075.8)

КБЖ 81.2 қаз – 1 я 73

ISBN 978-601-240-526-2

© Еспекова Л.Ә. 2020

© «Эверо» баспасы, 2020

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ филологиясы кафедраларының студенттері үшін міндетті пәндердің бірі болып табылады.

Фонетика – тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін сала. Тіл дыбыстарының жасалуы, олардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктері, бір-біріне әсер ету заңдылықтарының сыры мен сипаты, сөз құрамында болатын түрлі дыбыстық өзгерістер, сөздердің бірінші жазылуы мен айтылуы қашанда фонетика саласының сипаттала екені белгілі.

Тіл дыбыстарын, оларға тән заңдылықтарды білудің маңызы зор. Дыбыстардың құрамын, буын санын, тасымал мен екпінді, дыбыстардың үндесуін, түрлі дыбыстық алмасуларды, жазу ерекшелігін, сөздерді дұрыс айту заңдылықтарын есепке алмай сөздің мағынасын, грамматикалық формасын айқындау, ауызша, жазбаша түрде ойды жеткізу мүмкін емес.

Тіл – біртұтас жүйе. Ондағы заңдылықтардың бәрі бір-бірімен тығыз байланыста дамиды, сондықтан тілдің грамматикалық құрылысын, оның тілдік бірліктерін өзара тығыз байланыста қарау керек.

Оқуында қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттелуі, оның кезеңдері, дауысты, дауыссыз дыбыстардың саны, сапасы, құрамы, буынның дыбыстық сипаты, екпіннің қызметі, үндестік заңының түрлері, орфография, орфоэпия мәселелері қарастырылды.

Жалпы қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты көптеген дауыс мәселелер кездесетіні белгілі. Оқулықта үндестік заңының түрлеріне, дауысты, дауыссыз дыбыстардың саны жөніндегі көзқарастарға шолу жасалып, қазіргі дыбыстық жүйедегі ерекшеліктер сараланды.

Тілдің дыбыстық жүйесіне байланысты өткен теориялық материалды бекіту мақсатында практикалық тапсырмалар түрлері және фонетикалық кешенді талдау үлгісі берілді.

Оқулық кредиттік технология бойынша оқыту жүйесіне негізделіп жасалды.

Оқулықты дайындау барысында А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы», Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулері», І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» /лексика, фонетика/, К.Бейсенбаеваның «Қазақ тілі фонетикасы», С.Мырзабековтің «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», Ә.Жүнісбектің «Қазақ фонетикасы» секілді еңбектер басшылыққа алынды.

Сонымен қатар 2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасындағы» көзқарастарға, ғылыми ой-пікірлерге сүйендік.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Фонетика термині "рhone" - дыбыс деген сөзінен шыққан. Бұл термин дыбыстық жүйесін зерттейтін тіл білімінің саласы. Фонетикадан зерттейтін нысандары - дыбыс, әріп, фонема. Дыбыстық жүйені өмір сүру формасы деп қарастырса, әріпті сол дыбысқа берілген шартты таңба дейді. Ал енді фонемаға келсек, бұл - тілдегі дыбыстық қатарға күршітпелі бірлік. "Фонема дегеніміз - әр түрлі сөз не морфеманың дыбыстық жағын анықтаушы единица" /15;61/. Яғни фонема сөз жазуында мағыналы дыбыс.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттелуі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталғаны белгілі. Бұл кезеңде қазақ тілінің дыбыстары өзіне, олардың жасалу ерекшеліктеріне, графика мәселелеріне көңіл бөліне бастады. Р.Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы деген еңбегінде «...өткен ғасырдың ІІ жартысында қазақ мәдениетінде жазу (графика) проблемасы көтерілді. Араб жазуынан өтпе жазулы - орыс графикасын пайдалану идеясы пайда болғанын» айтады (14, 111). Бұл дәуірде жазу мәселесі кеңінен сөз болды. Араб графикасы мен орыс графикасының қайсысы тиімдірек деген мәселелер қарастырылды.

Жалпы қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің алғаш зерттелуі орыс ғалымдарының есімімен байланысты. Қазақ фонетикасын алғаш зерттеушілер - Н.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, В.В.Радлов және т.б. болды.

Ғалым Ә.Жүнібек қазақ фонетикасының бұл алғашқы дәуірін естім зерттеуімі (слуховая) дәуірі деп атайды. «Осы кезде зерттеушілердің /Ильминский, Мелиоранский, Радлов т.б./ қолында нағыз тілдік материал болған жоқ. Сондықтан да олар қазақ тілінің сөздерін ел аралап жүріп жинап, қалай естісе, солай жазып алып отырды. Соның нәтижесінде қазақ сөзінің таза ауызша айтылым үлгісін тап басып, қағазға түсіріп алып отырды. Олар құрастырған

сөздіктерде қазақ сөзінің үндесім (сингармониялық) үлгісі сол таза ауызша айтылым күйінде (ұнтаспаға жазғандай болып десе де болады) ендіріп жатты. Қазақ тілінің дыбыстарының сөз құрамындағы (сөйлеу үстіндегі) түрленім үлгілерін айны-қатесіз көрсетіп отырды. Әсіресе, еріп үндестігіне қатты көңіл бөліп, көп буынды сөздердің соңғы буынына дейін таңбалады. Бірінші дәуір зерттеушілерінен қалған жазба мұрағаттарды, қазіргі тілмен айтқанда, қазақ тілінің орфоэпиялық жазбасы деп қабылдауға болады» (9; 6).

Ғалым пікірмен толық келісуге болады. Бұл кезеңде зерттеу жүргізген ғалымдар сөздерді қалай естісе, солай жазып отырды. Бұның бірнеше себебі бар:

1/ Бұл кезеңдегі зерттеушілер басқа ұлт өкілдері болды. Әрі олар қазақ тілін білген жоқ. Ел аралап жүріп, қазақ тілін үйренді және соны қағаз бетіне түсірді;

2/ Орыс зерттеушілерінің алдында дайын грамматикалар болған жоқ. Олар сол тілді үйрене жүріп, оны қағаз бетіне түсіріп, тілдің дыбыстық жүйесіне өзінше талдау жасалды.

Сондықтан XIX ғасырдың екінші жартысын «естілім зерттелім (слуховая) дәуірі» деп атау өте орынды.

Осы кезеңде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуші ғалымдар мынандай мәселелерге көңіл бөлді:

1/ Қазақ тіліндегі дыбыс түрлері, дауысты, дауыссыз дыбыстар саны (зерттеушілердің дыбыстардың саны, сапасы, құрамы жөніндегі көзқарастары дауысты, дауыссыз дыбыстарды талдауда жеке сөз болады);

2/ Сингармонизм заңы, оның ерекшеліктері. «Сингармонизм құбылысы тіл ерекшелігі ретінде сол кезде-ақ зерттеушілер назарына ілінген. Мысалы, Н.И.Ильминский «үндесім (үндестік) заңы» деген атпен оған арнайы тоқталған және үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде айтады...» (9; 200);

3/ Графика мәселесі. Араб графикасының орнына орыс графикасын енгізу мәселесі көтерілді. Жалпы «Қазақтар үшін орыс

жазуын қабылдау идеясы орыстар тарапынан бұрыннан айтылған болатын. ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысында (1768 жылы) Ресей үкіметі мен академиясы тарапынан қазақ даласына Екінші академиялық экспедиция ұйымдастырылады, ол қазақ жерінің географиялық жағдайын зерттеп, қазақ халқының этнографиясымен танысу мақсатын көздеді. Түңғыш рет қазақ тілін танып-біліп, орысша-қазақша сөздік жасау әрекетін бастаған осы экспедиция болатын... Осы сөздіктің басында «Скалон қазақтар үшін орыс графикасымен әбуки әлиппе түргызып, өзге де кітаптар жазуға болмас пе еді дегенді 1774 жылы айтқан екен...» (14; 312). Кейін осы айтылған идеялар жүзеге асып, орыс графикасын Н.И.Ильминский «Начальное руководство к изучению киргизского наречия» деген кітабын жазуда пайдаланады «Осыдан бастап қазақтарға арналған кітаптар орыс графикасымен жарияланды» (14; 312).

Фонетика саласының зерттелуінің екінші кезеңі А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанов есімдерімен тікелей байланысты.

А.Байтұрсынұлы «Тіл құралының» бірінші кітабында фонетика саласын «Дыбыс жүйесі мен түрлері» деген атаумен беріп, тіл түрлеріне, сөз бен буын, буын мен дыбыс, қазақ тіліндегі дыбыстар, сөздің дыбыстарына, жазу қиғдарларына талдау жасайды. Кітапта «сөздің дыбыстарына» талдау жасау үшін міндетті түрде «талдандыру», «сынау» жұмыстары қоса беріліп отырады. Ғалым қазақ тілінде 24 дыбыс бар екенін атап көрсетеді, дауыссыз дыбыстарды түрлі қасиеттеріне орай бірнеше түрге бөледі:

- 1/ жарты дауысты дыбыстар: р, л, у, и
- 2/ қатаң дыбыстар: б, п, т, с, ш, к, қ
- 3/ ұяң дыбыстар: м, н, ң
- 4/ ымыралы дыбыстар: з, ж
- 5/ ымырасыз дыбыстар: д, г, ғ

Алғаш рет А.Байтұрсынов еңбегінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі толығымен қамтылып, жан-жақты талданады. Еңбекте жазу қағидалары да қамтылған (2).

Тійдің дыбыстық жүйесін саралауда А.Байтұрсынов әліпби мәселесін де кеңінен қозғағаны белгілі. Ш.Ш.Жалмаханов «Тіл білімінің тарихы» деген еңбегінде А.Байтұрсынұлының жасаған әліппесі ғылыми және практикалық жағынан маңызды екенін айта отыра, мынандай деректер келтіреді: «А.В.Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» «Казахский алфавит» деген кесте беріліп, «Байтұрсыновский алфавит» деп көрсетеді. Орыс лингвисті Н.Ф.Яковлев 1928 жылы «Математическая формула построения алфавита» (Опыт практического применения лингвистической теории) атты мақаласында: «Лингвистикалық тапқыр жаңалық» (Лингвистическое изобретение) деп бағалап, «интуитивно» (?! – Ш.Ж.) изобретенный одним из местных культурных работников – казахом (казахом – Ш.Ж.) Байтұрсыном (Байтұрсыновым – Ш.Ж.) и примененного вслед за ним П.Тюрякуловым в его проекте латинской графики» десе, А.А.Реформагский Байтұрсынұлының сингармоорфография принципін орыс және АҚШ лингвисті, әдебиеттанушысы Р.О.Якобсонның дыбысты графика арқылы беру методынан көп бұрын жасалғандығын ескертеді» (7; 188-189).

XIX ғасырдың екінші жартысында орыс зерттеушілерінің еңбегінде сөз болған сингармонизм заңы, XX ғасырдың басында да кеңінен қарастырыла бастады. 1924 жылы Ташкентте Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген кітабы шығады. Ғалым еңбегінде сингармонизм заңының сипатын, оның ерекшелігін баяндайды. «Жалқы сөздің түбіріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жінішке болып еш уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстар мен жінішке дыбыстар араласып ұшырамайды. Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жінішке) ұйқасып

литылуып білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада» (5; 82).

Тілдің дыбыстық жүйесінің зерттелуінде Қ.Жұбановтың да еңбегі зор. «Қазақ тілінің жоғарғы курсы» бойынша дәрістерінде: «Фонетика – морфологияға да, синтаксиске де, лексикаға да, – үшеуіне де керек; үшеуінің де қызметін атқарады...» -деп фонетика саласының ерекшелігін атап көрсетеді. Ғалым фонеманы «бір сөз бен екінші сөзді айыруға жарайды (бал, бас). Демек, фонема – бұйым» деп анықтама береді. Еңбекте дыбыс физиологиясы, дыбыстардың жіктелуі, дыбыс шығаратын мүшелер, үнсіздер физиологиясы, ауыз жолды сонорлардың физиологиясы, үнділердің физиологиясы, дыбыс дәрежелері, дауыстының емлеге байланысты жері, дыбыстың физикалық жағы, дыбыс күші, дыбыстардың бөлінуі (таптастырылуы), буын секілді мәселелерге кеңінен тоқтаған.

Сонымен Қ.Жұбанов ХХ ғасырдың басында емле, әліпби, термин мәселелерін көтерген. Оған 1929 жылғы «Әліппеміз бұқарашыл болсын», 1935 жылғы «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы» мақалалары дәлел бола алады. «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі сол: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады» деп береді (8; 336).

Фонетика саласының үшінші кезеңі ХХ ғасырдың 50 жылдарынан 80 жылдарына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде әліпбиде де көп өзгерістер болды. Қазақ жазуы латын графикасынан криллицаға ауысып, қазақ тілінің орфографиялық ережесі де қайта қаралды, соның негізінде 1957 жылы орфографиялық ережелер қабылданады.

Бұл кезеңде шыққан еңбектер жаңа жазуға негізделгендіктен, онда дыбыстар саны, олардың жіктелім белгілері өзгерді. Егер ХХ ғасырдың басында шыққан еңбектерде тек төл дыбыстар қатары қамтылса, ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап шыққан еңбектерде

орыс графикасына сай енгізілген (кірме) дыбыстар есебінен дауысты, дауыссыз дыбыстар қатары толықты. Соның нәтижесінде дауыстылар саны 11-12, ал дауыссыздар саны 25-26-ға жетті.

Қазіргі кезде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде бірізді пікір жоқ, дыбыстар санына байланысты пікірлер әртүрлі деген жайттарды жиі кездестіреміз. Бұл қарама-қайшылықтар графиканың өзгеруімен байланысты туындаған (дауысты, дауыссыз дыбыстардың саны, сапасы, құрамы деген тараушамызда арнайы қарастырылады).

XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап фонетика саласына қатысты арнайы еңбектер шығып, онда тілдің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктері, заңдылықтары жан-жақты сөз болды. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика» (1-басылуы 1962, 2-басылуы 1975) атты еңбегі шықты. Жұмыста фонетика саласының зерттеу нысаны мен салалары, қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен түрлері, буын, екпін, дыбыстардың үндесуі жан-жақты қарастырылды. Фонетиканың физиологиялық фонетика, экспериментальды фонетика, салыстырмалы фонетика, тарихи фонетика секілді салаларына талдау жасалды.

Сонымен қатар Ж.А.Аралбаевтың «Вокализм казахского языка» (1970), К.А.Бейсенбаеваның «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» (1973), А.Джунисбеков А. «Гласные казахского языка» (1979) секілді тағы басқа көптеген еңбектерді атауға болады.

Осы кезеңде орфография, орфоэпия мәселелеріне де қатысты арнайы еңбектер пайда болды. Мәселен, Р.Сыздықованың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш», М.Дүйсембаеваның «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері» (1973) секілді еңбектер жарық көрді. Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктері де бірнеше рет баспадан шықты.

Жалпы XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап тілдің дыбыстық жүйесі кең ауқымда зерттелгенін байқауға болады. Ғалым Ә.

«Құрбым, бұл кезеңде қызақ тілтанымында академиялық тұрғыдағы қазақ фонетика салыптасып болды» - дейді (9; 7).

Фонетика саласының зерттелуінің төртінші кезеңі ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтиды.

Бұл кезеңдерге С.Омарбеков, Н.Жүнісовтің «Ауызекі тіліміздің дыбыс үйлесімі» (Алматы, 1985); С.Мырзабековтің «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» (Алматы, 1986, 1987, 1993, 2013); Р.Сыздықова «Сөз сөзін танып тұрып айту нормашыры» (Алматы, 1983, 1995); А.Джармабеков «Проедние слова в казахском языке» (Алматы, 1987); Н.Уәлиев, А.Аманжолдың «Қызақ орфографиясындағы дыбыстар» (Алматы, 1985); С.Жүнібектің «Қызақ фонетикасы» (Алматы, 2009) секілді ғылым негізінде жазылған еңбектерді атауға болады. Бұл еңбектерге фонетикалық әр бөліміне қатысты арнайы зерттеулер берілген.

Сонымен қатар қазіргі таңда қазақ фонетикасы әртүрлі бағытта зерттеліп жатыр. «Үйлесім фонетика саласына – Нәзбиев, Сәдуақас, Сәтбаева, Ташдабаева, Аспінова, үйлесім фонетика саласына – Байтабетова, Баймұқанов, Исаева, Қайдарова, Молдашева, Оразалин, Аймыршев, тарихи фонетика саласына – Әлімбаев, Жұмабаева, дыбыстарға фонетика саласына – Андабаева, әуен фонетика саласына – Фатымажанова, Аманбаева, Т.Кеншінбай, Ж.Кеншінбай, жазылым мәселелері – Күдерінова, жазба мұрағаттар – Жұбаева, Ахымбек, Шибилер, қолданба фонетика – Жексенғалиев, Зәуірбекова, Көкенова, Жұбанова, А.Жүнісбек, Үкібасова, Қаршығаева» секілді зерттеушілерді атауға болады (9; 8-9).

Сондықтан бұл төртінші кезеңде фонетика саласы жан-жақты зерттеліп, жаңа бағыттарының қалыптасып, үлкен жетістіктерге қол жеткізіп тұсы.

ӘДЕБИЕТ

1. Аралбаев Ж.А. Вокализм казахского языка. – Алматы, 1970
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992
3. Бейсенбаева К.А. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1973
4. Джунибеков А. Гласные казахского языка. – Алматы, 1979
5. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991
6. Дүйсембаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. – Алматы, 1973
7. Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы. – Қарағанды, 1999
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010 (үшінші басылым).
9. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009
10. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тіл /лексика, фонетика/. – Алматы, 1975
11. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002
12. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1993
13. Сыздыкова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. – Алматы, 1974 (екінші басылуы)
14. Сыздыкова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993
15. Хасенов А. Тіл білімі. – Алматы, 1996

ДЫБЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР. САНЫ, ҚҰРАМЫ, САПАСЫ.

Төртінші дауысты дыбыстар (вокализмдер) саны жағынан да, сипат жағынан да әр түрлі болып келеді. Бұл дыбыстар өзіншегілік, артикуляциялық, функционалдық қасиеттеріне байланысты ерекшеленеді.

Дауысты дыбыстарға тән мынандай басты ерекшеліктерді атап көрсетуге болады:

1. дауысты дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі толық сербелең;
2. дауысты дыбыстар буын құрайды;
3. дауысты дыбыстар жасалғанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында өкпеге ұшырамай шығады.

Қазақ тілі вокализмін тұңғыш сөз еткен ғалымдар Н.И.Ильминский ("Материалы к изучению киргизского наречия"), П.М.Мелиоранский ("Краткая грамматика казак-киргизского языка") болды.

Қазақ тілі білімінде дауысты дыбыстар саны жөнінде бірізді пікір жоқ. Бұл пікір алшақтықтарының себебін анықтау үшін дауысты дыбыстардың зерттелуіне шолу жасайық.

Жалпы дауысты дыбыстардың зерттелуі он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан басталады. Себебі дауысты дыбыстардың құрамына қатысты мәселелерді осы дәуірде шыққан еңбектерден кездестіреміз. Мәселен, Ә.Жүнісбек «Қазақ фонетикасы» деген еңбегінде Н.И.Ильминскийдің қазақ тіліндегі дауыстыларды жұптап, оның 9 түрін атап көрсеткенін айтады: а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. (3; 200).

«П.М.Мелиоранский қазақ тілі дыбыстары деп (өзінің транскрипциясымен жазғанда) мыналарды көрсетеді: а, о, у, ы, і, е,

а, у, о. Алғашқы бесеуі орыс тілі дыбыстары тәрізді айтылады делінген» (4; 228).

С.Мырзабеков «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасында» Н.Созонтовтың "Записи по грамматике киргизского языка" деген еңбегіне тоқтап, онда дауыстылардың санын 13-ке жеткізгендігін айтады (6).

Ал жиырмасыншы ғасырдың басында шыққан еңбектерге тоқтасақ, А.Байтұрсынов қазақ тілінде 24 дыбыс бар, оның ішінде бесеуі (а, о, ұ, ы, е) дауыстылардың таңбасы дейді. Кейін «Дыбыстарды жіктеу туралы» деген еңбегінде: «Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек. Қазақтікі сияқты заңы азбаған тілдің айтылуы жүзіндегі дыбыс жіктері сөз жүзінде білінетін дыбыс қасиеттерінің жіктерімен түйісетін көріңді» -деп дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөледі (1; 372). Дауысғылардың өзін толық дауысты, шала дауысты деп қарастырады:

1/ Толық дауыстылар: а, е, о, ұ, ы

2/ Шала дауыстылар: р, н, л, м, и, у, и

Кейін Қ.Жұбанов еңбектерінде де А.Байтұрсынов көзқарастары жалғасын табады. Дауысты дыбыстарды 11 деп беріп, оларды толық дауысты және шала дауысты деп жіктейді. Бұл жіктеуде де үнді дауыссыздар дауысты дыбыстардың тобында қарастырылып, оларды «шала дауыстылар» деп атайды (2).

Жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдарынан бастап шыққан еңбектерде 11 дауысты дыбыс беріледі. Мәселен, 1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі», 1975 жылы шыққан І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тіл /лексика, фонетика/» және тағы басқа көптеген еңбектерінде 11 дауысты дыбыс қамтылған. Олардың тоғызы (а, е, ы, і, э, о, ө, ұ, ү) жалаң дауысты (монофтонг) болса, сөкеуі (и,у) қосынды (дифтонгоид) дыбыстар.

Бұл көрсеткіштерде бастауыш сынып оқулықтарында дауысты дыбыстардың саны 13-ке жетсе, орта буын оқулықтарында 12-ге (Ә өсібінен) жетті. Бұл дауысты дыбыстар санындағы пікір айымақтары дыбыс пен әріптің аражігін ажыратпаудан туындап отыр.

Бұл пікір кейін 80 жылдары шыққан еңбектерде де жалғасады.

1990-2000 жылдардан бастап шыға бастаған еңбектерде дауысты дыбыстардың саны тоғыз деп қарастырылды. Мәселен, 2002 жылы шыққан "Қазақ грамматикасында" қазақ тілінің төл дауысты дыбыстарынан жүйесі 9 дауысты дыбыстан құралатынын айтады (146). Ол жүйесіндегі «Қазақ фонетикасында» қазақ тілінің әліпби тізімінің құрамына енген төл дыбыстарды әліпби дыбыстар деп атай отыра, «Қазақ тілінде 9 әліпби дауысты дыбыс бар. Олар кезектесіп келетін әліпби құрамында былай таңбаланады: А, Ә, Е, О, Ө, У, Ү, І, Ы» дейді. (3; 54).

Кейірі зерттеушілердің көпшілігі И мен У-ды дауысты дыбыстардың қатарына қоспайды. С.Мырзабеков «... зерттеушілер мен оқулық авторларының көбісі, бұл екі әріптің әрқайсысы екі дыбыстан **УУ, ҮҮ, ЫУ, ІУ, ЫЙ, ІЙ** қосындысы екенін біле отырып, дауыстыға жатқызып жүр. Жатқызып қана қоймай, оларды (и,у әріптері) дифтонг, дифтонгонд деп дәлелдеуге тырысатынын» айтады. (7;16)

Жоғарыда берілген мәліметтерге сүйенсек, қазақ тіл білімінде дауыстылардың саны жөнінде біізді пікірдің жоқ екенін байқаймыз. Бұл ғалымдардың не зерттеушілердің бір пікірге келе алмауынан туындаған жайғ емес. Бұл пікір алшақтықтарының бірнеше себебі бар:

1/ он тоғызыншы ғасырдың 50 жылдарынан бастап шыққан еңбектер алғашқы қазақ тілі грамматикасына байланысты зерттеулер қатарына жатады. Сондықтан оларда пікір алшақтықтарының болуы ницды әрі бұл зерттеушілер басқа ұлт өкілдері болып табылады. Олар

халықпен араласа жүріп тілді үйренді. Соның негізінде тілдік деректер жинады;

2/ жиырмасыншы ғасырдың басында шыққан еңбектерде қазақтың төл дауысты дыбыстары негізге алынғаны белгілі. Бірақ бұл кезеңдерде табиғаты жағынан дауысты дыбыстарға жақын тұрған үнді дауыссыздар дауыстылар қағарына енгізіліп, соның есебінен дауыстылар саны артқан;

3/ жиырмасыншы ғасырдың 50 жылдарынан бастап шыққан еңбектерде 9 жалаң дыбыс (А, Ә, Е, О, Ө, Ұ, Ү, Ы, І), 2 құранды дыбыс (И,У) берілген. Құранды и,у-дың қосылуы әліпбидің өзгеруімен байланысты болды. 1957 жылы орфографиялық ереже қабылданып, онда И мен У-дың **ҰУ, ҮУ, ЫЙ, ІЙ** дыбыстық тіркестерінен тұратыны айтылды. Орфографиялық ережеде И мен У-дың екі дыбыстық тіркестен тұратыны айтылғанымен, фонетикаға байланысты шыққан еңберде И мен У дыбыс ретінде енгізіліп, дауыстылар саны 11-ге жетті. Жалпы қазақ тілінде И мен У дыбыс емес, әріп болып табылады. Олар **ҰУ, ҮУ, ЫЙ, ІЙ** дыбыстық тіркестерін беру үшін қолданылған шартты таңба ғана, сондықтан оларды дыбыс санына қосып шатастырудың еш қажеттілігі жоқ.

4/ жиырмасыншы ғасырдың 80 жылдарынан бастап шыққан көптеген еңбектерде қазақ тілінің 9 «әліпби дауысты дыбысы» ғана қамтылады. Ғалымдардың пікірімен толық келісуге болады. Бұл еңбектерде дыбыс пен әріптің аражігі ажыратылып берілген.

Қазіргі таңда кешенді фонетикалық талдау барысында дауысты дыбыстарды мынандай төрт белгілеріне қарай жіктеп, талдауға болады:

1 Құрамына қарай:

а/ жалаң: а, ә, ы, і, ұ, ү

ә/ құранды: о, ө, е (Ә.Жүнісбек кестесі бойынша)

2.Тілдің қатысына қарай:

а/ жуан /гуттураль/: а, о, ұ, ы

ә/ жіңішке /палаталь/: ә, ө, е, ү, і

3. **Ақпаратты қатымына қарай:**

а) ашық а, ә

б) жұпталмай ашық а, о, е

в) жұпталмай і, у, ұ

4. **Еріннің қатымына қарай:**

а) еріндік /субнап/ у, ү, о, 0

б) еріндік а, я, і, е /тілдің, жұстың, еріннің қатысына қарай жетексіз С Мырзабековтің еңбегін басшылыққа алдық/.

Қазіргі қазақ тіліндегі дауыстылардың ықпалы күшті болып келеді. Бұл тілдің сингармонизм шынша негізделгендіктен, тілде дауыстылардың өзара қатынасы реті ерекше.

ӘДЕБИЕТ:

1. Байтұрсынұов А. Тіл тағылымы. –Алматы:Ана тілі, 1992

2. Жұбынов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 2010 (үшінші басылым).


3. Түнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы, 2009

4. Кенесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тіл /лексика, фонетика/ – Алматы, 1975

5. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002

6. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1954

7. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы.–Алматы, 1993



ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР, ОЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ. САНЫ, САПАСЫ, ҚҰРАМЫ.

Қазақ тілінде дауысты дыбыстарға қарағанда дауыссыз дыбыстардың

/консонантизмдердің/ саны әлдеқайда көп. Фонетикаға байланысты шыққан еңбектердің көпшілігінде дауыссыз дыбыстардың мынандай басты ерекшеліктері сөз болады:

1. Дауыссыз дыбыстардың басым көпшілігі тамақ қуысында дыбыс желбезегінің кедергісіне ұшырайды, сондықтан олардың көбісінде үн болмайды.

2. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі кем тербеледі не мүлдем тербелмейді.

3. Дауыссыз дыбыстар өз алдына жеке буын құрамайды.

4. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар екпін қабылдамайды.

5. Дауыссыз дыбыстар дауыстылар секілді дауыстап, созып айтуға келмейді.

6. Дауыссыздардың ықпалы дауыстыларға қарағанда әлсіз.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың санына келетін болсақ, ғалымдар арасында түрлі пікірлерді кездестіруге болады. А. Байтұрсыновтың «Тіл құралында» 17 дауыссыз дыбыс берілген: б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, г, қ, к, ғ, ң, л, м, н (1).

1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінде», І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» деген оқулығында /1975/, С. Мырзабековтің «Қазақ тілінің фонетикасы» /1993/ деген еңбегінде 25 дауыссыз дыбыс берілген: Б, В, Г, Ғ, Д, Ж, З, Й, К, Л, М, Н, П, Р, С, Т, (У), Һ, Ф, Х, Ц, Ч, Ш, Қ, Ң. /Щ жоқ/.

Жоғарыдағы І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» деген оқулығында Щ-ны дауыссыздардың жалпы санына қоспаған, бірақ дауыссыздарды дауыс қатысына қарай жіктеуде Щ-ны қатан дауыссыздардың ішінде береді. (5) Ал С. Мырзабеков Щ-ны мүлдем

«Щ - дыбыс емес, әріп. Ол - Ш дыбысынан өзгешеленді» деген пікірге келеді (7).

Ал 1971 жылы шыққан К. Бейсенбасваның «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» деген оқуығында да 25 дауыссыз дыбыс берілген. Олар: Ы, Н, Ү, Ф, Д, Г, Т, С, Ж, Ш, Ц, Ч, Ц, Г, К, Қ, Ғ, М, Н, Ң, Л, Р, Х, Й, Ц. Автор Ш дыбыссыздардың қатарында беріп, бірақ У-дыбысын тек дауыссыздардың қатарында ғана қарастырады (2).

Е. Құбанов еңбегінде дауыссыздардың қатарында қарастырылып жүрген рәсіп Ы, Ц, Д, Р, Ы дыбыстары дауыстылардың қатарында қарастырылғанын, ал дауыссыздардың жалпы санын 12 деп береді (3, 11).

1987 жылы шыққан «Қазақ грамматикасының» қазақ тілінің төл дауыссыз дыбыстары саны сөз болады. Топ дауыссыз дыбыстар санын 17 дыбыстан құрастырып айтады. Олар: Ы, Д, Ғ-Г, Ж, З, Й, Қ, Ғ, Ң, М, Н, Ц, Ч, Р, С, Т, У, Ш. Дәстүр бойынша Қ-К, Ғ-Г дыбыстарының жасалым айырмашылықтары ескеріліп, әрқайсысы өзге дыбыс ретінде қарастырылып келе жатқаны белгілі. Ал бұл еңбектің авторлары Қ-К, Ғ-Г дыбыстарын "бір дауыссыздың үндесім парашығы" деп береді. Бұл еңбекте орыс тілінен енген В, Ф, Х, Ц, Ч, ыңғайлы парсы тілінен енген Һ дыбысы, дау туғызып жүрген Щ күрделі сөз болмайды. «Қазақ грамматикасының» авторлары қазақ тілінде 17 дауыссыз /К,Г дыбыстарын қосқанда 19/ бар екенін айтады (6, 21).

Жоғарыда берілген жайттар қазақ тілі білімінде дауыссыздардың саны жөнінде әлі бірізді пікірдің жоқтығын көрсетеді.

Бұл пікір алшақтықтары да ғалымдардың не зерттеушілердің бір пікірге келе алмауынан туындап отырған жоқ. Егер жиырмасыншы ғасырдың басында шыққан еңбектерде дауыссыз дыбыстар саны 17-19 болса, жиырмасыншы ғасырдың 50 жылдарынан бастап шыққан еңбектерде дауыссыздардың санының күрт артып 25 не 26-ға жеткені байқалады. Бұның бірнеше себептері бар:

1/ жиырмасыншы ғасырдың басында шыққан еңбектерде тек төл дауыссыз дыбыстар есепке алынған;

2/ жиырмасыншы ғасырдың 50 жылдарынан бастап шыққан еңбектерде дауыссыздардың саны 25 немесе 26 деп қарастырылды, себебі 1940 жылдан бастап латын әліпбиінің орнына кириллица келді. Соның негізінде орыс тілінің В, Ф, Х, Ц, Ч , парсы тілінен енген Ы әліпбиге енгізілді. Сондықтан 50 жылдардан бастап шыққан еңбектерде әліпбидегі кірме дыбыстар қамтылып, дауыссыздар саны 25-ке жетті. Ал қазақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар деп танушылар дыбыс пен әріптің аражігін ажыратпады. Яғни, Ш дыбысы мен Щ әріпінің аражігі айқындалмады.

3/ жиырмасыншы ғасырдың 80-90 жылдары шыққан еңбектердің көпшілігінде дауыссыздардың саны 17 немесе 19 деген пікірлер жиі айтыла бастады. Бұл еңбектерде тек төл дауыссыз дыбыстар саны ғана қамтылды. Ал кірме дыбыстар дауыссыздар санында да, дыбыстардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктерін талдауда да айтылмады.

Жалпы бұл жерде ескеретін бір нәрсе кірме дыбыстар қазіргі әліпби құрамында кездеседі. Қазақ тілінің әліпбиі кириллицаға негізделеді. Сондықтан кірме дауыссыздарды жалпы саннан алып тастаудың қаншалықты қажеттілігі бар деген сұрақ туындайды. Әрине, егер қазақ жазуы қайта латын әліпбиіне ауысып жатса, онда кірме дыбыстар туралы сөз қозғау да ерсі болар еді. Бірақ қазіргі әдеби тілімізде кірме дыбыстармен қолданылатын тілде баламасы жоқ термин сөздер де ұшырасады.

Тілдің тарихын зерттеуші ғалымдар х дыбысы қазақ тіліне жат емес деген пікірді айтады. Қазақ тілінде х дыбысымен хат, хабар секілді қаншама сөздер кездеседі. Сол сияқты «ч» дыбысын М.Мелиоранский таза қазақ дыбыс деп есептеген. Әрине, қазіргі таңда ч дыбысының жиі қолданылуы говорларға тән болып келеді. «Қазақстан жерінің Тарбағатайдан бастап Семей облысының

өңіретін, бұрын Феттер, Аштану оңіріне дейінгі аймағында ш
даныстың орнына е дыбысы қолданылады» (7).

Төмен грамматикасындағы, Ә.Жүнісбектің «Қазақ
фонетикасына» (1) Қ-К, Г-Г дыбыстарына байланысты пікір әлі
де айтылуы қажет ететін секілді. Себебі:

1. Қызыл тілшеге к және г дыбыстары жіңішке сөзде ғана кездеседі
және айтылу орнына қарай тіл ортасы фонемалары болып табылады.

Ал к және г дыбыстары жуан дауыстыларымен тіркесіп қолданылады
өрі айтылу орнына қарай тіл арты фонемалары болып табылады.

2. Айтылу жолына келсек, г- шұғыл дыбыс, к - ызың дыбыстардың
айырғыны қатады.

3. Г-к және г-к дыбыстарын бір дауыссыздың үндесім варианты десек,
сөзді

к-к, о-о, ү-ү дауыстыларын да бір дыбыстың үндесім варианты деп
қарастыру керек болар еді. Осы тұрғыдан қарағанда бұл топтау әлі де
өпінуді қажет ететін секілді.

Берілген пікірлерді негізге ала отырып, қазақ тіліндегі
дауыссыздардың жалпы санын 25 деп алып, оны талдауда шығу
тәрізіне қарай 2-ге бөлген дұрыс секілді:

1. Төл дауыссыздар /19/

2. Кірме дауыссыздар /6/.

Қазақ тіліндегі дауыссыздарды акустика-артикуляциялық
ерекшеліктеріне қарай 3 топқа бөліп қарастыруға болады /бұнда
Г.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» еңбегіндегі жіктелім
кесте негізге алынды/:

I. Дауыстың қатысына қарай:

үнді: л, м, н, ң, р, й, у

үмі: б, в, г, ғ, д, ж, з

күпін: п, ф, к, қ, т, ш, с, х, ц, н, ч

II. Дауыстың айтылу жолына қарай /жасалу тәсіліне қарай/:

1. Шұғыл /эксплозив/: п, б, м, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, н

2. Ызың /фрикатив/: ф, в, с, з, ш, ж, х, ғ, ц, л, й, у.

3. Діріл: р.

III. Айтылу орнына қарай :

1. ерін /билабиаль/: п, б, м, у
2. тіс пен ерін /лабиальденталь/: ф, в,
3. тіс /денталь/: т, с, з, д, ц
4. тіл ұшы /альвеоляр/: н, л, ч
5. тіл алды/палаталь/: р, ш, ж, й
6. тіл ортасы /препалаталь/: к, г
7. тіл арты /веляр/: қ, ғ, ң, х
8. көмей /фарингаль/: һ

ӘДЕБИЕТ:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992
2. Бейсенбаева К.А. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. –Алматы, 1973
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010 (үшінші басылым).
4. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы, 2009
5. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тіл /лексика, фонетика/. –Алматы, 1975
6. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002
7. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы.–Алматы, 1993

БУЫН. ЕКІНШІ.

Буын тілдікесті буынның маңызы ерекше екені белгілі. **Шыңтайымын** шапқардың көпшілігі осы буынмен тікелей байланысты. «Түркі дегендері» фонетикалық ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырағанын нәтижесінде пайда болатын жеке дыбыс не дыбыстар тобы ^{1/2/3/4/5/} Буынға тән мынандай басты белгілерді атауға болады:

- 1) Буын болуы үшін құрамында дауысты дыбыс болу керек;
- 2) Қазақ тіліндегі байырғы сөздерінде буын не бірыңғай жуан , не саралай жінішке болып келеді;
- 3) Буынды нақты мағына болмайды.

Ә.Жүнісбек «Қазақ фонетикасы» деген еңбегінде буынды:

- 1/ физиологиялық ұғым;
- 2/ тілдегі ең кіші айтылым бірлік;
- 3/ біртүтас айтылатын дыбыс немесе дыбыстар тобы –деп саралай шапқарып, буынға мынандай анықтама береді: «Сөйлеу үстінде (сөз құрамында) өзара кірігіп, біртұтас болып айтылатын (жасалатын) дыбыс тіркесін (немесе дербес дауыстыны) буын дейміз. Буын тілдегі тіл қарай бөлшектенбейтін ең кіші жасалым (артикуляциялық) бірлік болып табылады» (4; 163).

Қазақ тіліндегі буынның түрлеріне келсек, Қ.Жұбанов буынды 6-ға, II.Сауранбаев 4-ке, I.Кеңесбаев 3-ке, С.Мырзабеков 2-ге, Ә.Жүнісбек 2-ге бөледі. Мектеп оқулықтарында буынды ашық буын, тұйық буын, бітеу буын деп үшке бөлу орын алған. Фонетикаға байланысты шыққан еңбектердің көпшілігінде буынның осы үш түрі көп кездеседі.

Ә.Жүнісбек қазіргі қазақ тіліндегі буынды екіге бөліп қарастыруды ұсынады:

- 1/ Буын құрылымының негізінде артикуляция жатады, сондықтан артикуляциялық (физиологиялық) буынды **ақиқат буын** деп атайды;

2/ буын құрылымының негізінде орфография жатады, сондықтан орфографиялық (жасанды лингвистикалық) буынды *жалған буын* деп атайды (4; 165).

Ғалым ақиқат буынды сөздің үндесім әуезі мен мағынасымен тікелей қатысты қарастырса, жалған буынды, біріншіден, кірме әріптердің төл сөздердің құрамындағы жазылымымен байланыстырса (қиын, буын), екіншіден, сөз тіркестерінің жазылым ережесімен байланыстырады (қоғала, шекара).

2002 жылы шыққан "Қазақ грамматикасында" құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай қазіргі қазақ тіліндегі буынның екі түрі бар деп көрсетеді:

1/ ашық буын

2/ тұйық буын.

Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді деп есептейді.

Осы уақытқа дейін бітеу буын деп қарастырылып келген буынымыз тұйық буынның ішінде сөз болып, оған мынандай анықтама береді:

"Ашық буын дегеніміз - жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып дауыстыға бітетін буын, ал тұйық буын дегеніміз - соңы дауыссызға аяқталатын буын" /6;49-51/. Соңғы анықтама жеке қарастырылып жүрген тұйық буынға да, бітеу буынға да келеді. Сондықтан тұйық буын, бітеу буын деп жіктемей-ақ бір топқа біріктірген әлдеқайда тиімді екені сөзсіз. Әрі берілген анықтама буынның екі түрінің де табиғатын ашады.

Ал енді буынның дыбыстық құрамына келсек, зерттеушілер қазіргі қазақ тіліндегі буынның дыбыстық құрамын 6-ға дейін жеткізіп жүр. Әрине, бұл кірме сөздер арқылы, ал қазақтың төл сөздерінде буынның дыбыстық құрамы 4-ке ғана жетеді. Мәселен,

бір дыбысты: *«ә-ке, а-на;*

екі дыбысты: *қа-ла, са-на;*

үш дыбысты: *көз, бұл-бұл ;*

тері дыбысты: *сарт, қарт.*

Қысқа сөздерде:

бас дыбысты: *спорт, пункт;*

аятта дыбысты: *спринт.*

Екпін. Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың сәйкештігі, әуезділігі арқылы окшауланып айтылуын екпін немесе буын екпіні не сөз екпіні деп атап жүргені белгілі. А. Байтұрсынов "Қазақ тілінде екпін сөздің я аяғында келеді, не аяғына таяу буын болып келеді" деген болатын /1/.

Ә. Жүнісбеков "Просодика слова в казахском языке" деген еңбегінде, сол сияқты 1998 жылы шыққан "Лингвистикалық түсіндірме сөздіктің" авторлары түркі тілдерінде екпіннің қызметін синхронизм атқарады дей келіп, қазақ тілінде бунақ екпіні немесе фразеялық екпін, тіркес екпіні ғана бар деген тұжырымға келеді. Бірақ бұл көзқарас қазақ тіл білімінде әлі қолдау тапқан жоқ. Фонетика ғылымы зерттеуші көптеген ғалымдар сөз екпінінің бар екеніне күмән келтірмейді. І. Кенесбаев, Ғ. Мұсабаевтың "Қазіргі қазақ тілі" деген еңбегінде "Сөз ішінде арнаулы бір буынның окшауланып күшті айтылуын екпін" дей келіп, оны лебізді екпін /динамикалық/ және үнді екпін /музыкалық немесе тоникалық/ деп бөлуді ұсынады /3;269/.

2002 жылы шыққан "Қазақ грамматикасында" екпінді тегеурінді екпін /лебізді екпін/, әуезді екпін /үнді екпін/, мөлшерлі екпін деп үшке бөледі.

Фонациялық ауаның күштірек қарқынмен айтылуынан пайда болатын екпінді тегеурінді екпін деп атайды. Екпіннің бұл түрін ғылымда динамикалық, лебізді, экспирациялы, артикуляциялы немесе интенсив екпін деп түрліше атау кездеседі.

Дауыстың әуенділігіне, дауыс ырғағына байланысты екпінді әуезді екпін дейді. Оқулықтарда екпіннің бұл түрін үнді екпін, музыкалық екпін, мелодиялы, тондық немесе тоникалық екпін деп атау кездеседі.

Мөлшерлі екпін, басқаша квантитатив екпін деп атап жүр. Квантитатив деген сөз тура мағынасында "сан" деген ұғымды білдіреді. Мұның ерекшелігі - бұл екпін түскен дауысты дыбыс басқа дауыстылардан созылық айтылады./4;99/. Қазақ тілі лебізді екпін тобына жатады. Мектеп грамматикаларының көпшілігінде қазақ тілінде екпін тұрақты деп қарастырылады. Алайда бүгінгі күні қазақ тілінде екпін қабылдамайтын қосымшалар кездеседі. Мәселен, Ғ.Мадина, Н.Оралбаева, А.Әбілқайыр "Қазақ тілі" деген оқулығында екпін қабылдамайтын 5 қосымша бар деп береді:

- жіктік жалғауы;
- етістіктің болымсыздық жұрнағы;
- етістіктің қалау, тілек мәнді жұрнақтары;
- бұйрық райда қолданылатын жіктік жалғауы;
- сын есімнің -дай, -дей, -тай,- тей жұрнақтары.

І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаевтың "Қазіргі қазақ тілі" деген оқулығында бұған қосымшасыз келген шылау сөздер мен көмекші сөздерді жатқызады.

2002 жылы шыққан "Қазақ грамматикасында" жоғарыда аталған топқа:

-көптік мағынаны білдіретін *барша, бүкіл, күллі, барлық* тәрізді жалпылауыш есімдіктерін;

-диалогтарда жауап ретінде айтылатын құптау, келісім мәндегі *мейлі, болды, мақұл* секілді сөздерін;

- көмектес септіктің *мен, пен, пенен, менен* формаларын қосады.

Тілімізде басқа тілден енген сөздер қолданылғанда, ол өз әдеби тіл нормасы бойынша қолданылады. Ал қазақ тіліндегі түбір сөздерде екпін тұрақты болып келеді. Екпіннің жылжымалы қасиетке ие болуы екпін қабылдамайтын қосымшалармен байланысты болатын өзгерістер.

ӘДЕБИЕТ:

1. Байғұрбанов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992
2. Көкесібаева К.А. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1973
3. Құрманов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010 (үшінші басылым)
4. Күшібек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009
5. Көкесібаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тіл /лексика, фонетика/. – Алматы, 1975
6. Қазірк грамматикасы. – Астана, 2002
7. Мдина Ғ., Оралбаева Н., Әбілқайев А. Қазақ тілі. – Алматы, 1993
8. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1993
9. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. Педучилщелерге арналған. – Алматы, 1953

ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮНДЕСУІ

Дыбыстардың үндесуі дегеніміз - сөз ішіндегі не сөздер аралығындағы дыбыстардың айтылуына қарай ішінара жапсарласып, жанасуы.

Дыбыстардың үндесуі казак тілі фонологиясының ең өзекті мәселелеріне жатады.

С.Мырзабеков "Қазак тілінің фонетикасы" деген еңбегінде дыбыстар үндестігін 4 топқа бөліп қарастырады:

1/ Сингармонизм

2/ Аккомодация

3/ Ассимиляция

4/ Диссимиляция

Сингармонизмнің өзін тіл үндестігі және ерін үндестігі деп бөледі (5).

Ал 2002 жылы шыққан "Қазак грамматикасында" тіл үндестігі (сингармонизм) өз алдына жеке заң ретінде қарастырылған, әрі үндестік заңының 5 түрі (4) бар деп көрсетілген:

1/ Тіл үндестігі /сингармонизм/

2/ Ерін үндестігі

3/ Бейімдестік заңы / аккомодация/

4/ Ұқсастық заңы / ассимиляция/

5/ Бейүндестік заңы /диссимиляция/

Жалпы ерін үндестігі де дауыстылардың әсерінен болатын құбылыс болғанымен, казак тілі білімінде бұл мәселе толық шешімін таппаған. Қазак тілінде ерін үндестігі бар ма, бар болса неше буынға жетеді дейтін мәселелер күні бүгінге дейін дау тугызып жүр. Әрі бұл заңдылық о, ө, ү, ұ дауыстыларына ғана қатысты сөз болғандықтан, көптеген ғалымдар бұл заңдылықты сингармонизмнің ішінде қарастырмайды. Мектеп грамматикаларында, академиялық грамматикаларда тіл үндестігі /сингармонизм заңы/ дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне байланысты ғана сөз болады. Осы еңбектерді

«Сөздің дыбысқа ала берілуі», бұл да дыбыстар үндестігін төртке бөліп қарастырамыз:

Үндестік заңымен бесінші түрі ретінде қарастырылып жүрген байланыстың (диссимилация) тағы комбинаторлық өзгерістердің бір түрі болып табынады. «Әдеби тілде сирек кездеседі. «Бұл әдеби тілде сирек кездеседі, кейінге қорғала бермеген тілде (диалект, қарапайым тілде және фольклор тілінде) кездеседі» (4, 93). Сондықтан еңбегімізде дыбыстар үндестігі төрт түрі сөз болды:

- 1) Үн үндестігі сингармонизм/
- 2) Үрп үндестігі
- 3) **М** дыбысының үнсіз / ассимилация/
- 4) **Ш** дыбысының / ассимилация/

1. ТІЛ ҮНДЕСТІГІ.

ТІЛ ҮНДЕСТІГІНЕ БАҒЫНБАЙТЫН ҚОСЫМШАЛАР

Лингвистикалық әдебиеттерде дауыстыларға байланысты үндесуді сингармонизм немесе буын үндестігі не тіл үндестігі деп атайды. Еңбегімізде "тіл үндестігі" терминін пайдаланамыз. Себебі бұл заңдылық дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне байланысты, ал дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігі тілдің қызметіне қатысты анықталатыны белгілі. Сондықтан бұл заңдылықты тіл үндестігі деп атаудың өзіндік сипаты бар.

Дауыстылардың бір сөз көлемінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып ыңғайласып, үндесіп келуін тіл үндестігі деп атап жүр. Тіліміздегі байырғы сөздер бірыңғай жуан буынды немесе жіңішке буынды болып келеді.

Жалпы түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі сингармонизм заңы, оның ерекшеліктері туралы мәселелер он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеушілердің назарына іліккені белгілі. Мәселен, Әлімхан Жүнісбек Н.И.Ильминскийдің бұл заңдылықты «үндесім (үндестік) заңы» деген атпен қарастырғанын айтады. «...үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды. «Закон созвучия по которому и известном слове, сколько бы оно длинно ни были, все гласные и согласные должны быть либо толстые, либо тонкие, - закон общий всем языкам тюркского семейства, существует и в киргизском наречий». Бұл жерде сингармонизмнің түркі тілдерін топтаудың белгісі ретінде қабылданғанын көреміз. Үндесім құбылысын тілдік белгі ретінде алған ғалым қазақ тілін осы белгісіне сүйеніп, түркі тілдерінің қатарына жатқызып отыр» (3; 200).

Жиырмамыншы ғасырдың басында сингармонизм заңын зерттеушілердің бірі - Х.Досмұхамедұлы. Ол өзінің "Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы" деген кітабында /алғаш 1924 жылы Ташкентте шыққан/ сингармонизм заңын, яғни буын үндестігі түркі

Нәтижесінде авторлардың тіліндегі тамаша қасиет екендігін ғылыми негізделген дәлелдермен, Стамбул түріктері, ноғай, өзбектер бұл айрықша өзгешелік жоғалтып жатқандығын айтады. "Сингармонизм заңы дауыстылардың гармондесу заңы я дауыстылардың гармония заңы" деп те атайды (2; 14). Ғалым «Қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм мағына көрсететін сөз, сөз өзгерісі жоқ. Сингармонизм тілімізді үйретуге, үйретуге жеңілдетіп тұр, жана сөздер тудырып, сөздер өзгеріп, тілімізді байытқанда ылақтырмайтын, адастырмайтын сөздермен бірге анығыл қара жол болып тұр» -дейді (2; 89).

Сон ерелен келе жатқан сингармонизм заңы күні бүгінге дейін өзгешелік күшті заңдардың бірі ретінде сақталып отыр. Әрине, тіл үнемі үнемі даму үстінде болатыны белгілі. Онда жанару, толығу үздіктері жиі болып отырады. Бұл жанару, толығу басқа тілден сөз қосымша алу есебінен де жүзеге асады. Соның нәтижесінде бүгінгі күні баянқ тілінде тіл үндестігі сақталмайтын жайттар көптеп кездеседі.

Мәселен:

Басқа тілден енген қосымшалар тіл үндестігіне бағынбай жуан түбірге де, жінішке түбірге де жалғана береді. Олар:

-*бан*;

-*кер, кер;*

-*дар*;

-*ске*;

-*жан*;

-*кент*;

-*кеш*;

-*қой, -ғой*;

-*қушам*;

-*қой*;

-*қор*;

-*моп, -мош*;

-*нат*;

-стан;

-тал;

-уар;

-хана.

2. Кейбір төл қосымшаларымыз жасалу ерекшеліктеріне қарай буын үндестігіне бағынбай қолданылады. Олар:

-нікі, -дікі, -тікі;

-мен, -бен, пен. Мысалы: аға-нікі, бала-нікі, жолдас-пен, бала-мен, қағаз-бен.;

3. Екі түбірден не одан да көп түбірден құралған жалқы есімдер, кейбір термин сөздер де буын үндестігіне бағынбайды.

Мысалы: Екібастұз, Жезказған, Айгүл, Ербол, жерқосақ (өс.), көртышқан (зоол.);

4. Қазақ тілінің орфографиялық ережесіне сәйкес х әріпіне біткен сөзге үнемі жуан қосымша жалғанады. Бұл жерде түбірдің жуан-жінішкелігі ескерілмейді. Мысалы: цех-тар, тарих-тың;

5. Қазақ тілінің орфографиялық ережесіне сәйкес рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, нкт, брь, бль дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге әрқашан жінішке қосымша жалғанады. Мысалы: банк-ке, парк-ке, бокс-ке.

Тілімізде соңғы кезде қалыптасқан кейбір ауытқулар болғанымен, тіл үндестігі қазақ тіліндегі ең күшті фонетикалық заңдардың бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ:

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан.–Алматы, 1991
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы, 2009
3. Қазақ тілінің орфографиясының негізгі ережелері.–Алматы, 19
4. Қазақ грамматикасы. –Астана, 2002
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы.–Алматы, 1993

2. ЕРІН ҮНДЕСТІГІ

Бұл ауыстықтардың "бір сөз көлемінде қызметі жағынан Шығарманың үлесіп келуі" (2; 80). Бұл заң бойынша сөздің бірінші буынында еріндік дауысты болса, қалған буындарда да еріндік дауыстар тұруға тиіс.

Екінші жағында ерін үндестігі бар ма, бар болса неше буынға жетеді деген мәселе әлі күнге дейін толық шешімін таба алмай келеді. Егер еріндік қысқак тіл білімінде бұл заңдылыққа байланысты түрлі ерекшеліктер кездеседі. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаевтың "Қазіргі қазақ тілі" еңбегінде: "Ерін үндестігі /лабиальдық агтракция немесе лабиальды сингармонизм/ қазақ тілінде езу үндестігіне /палатальдық агтракция/ қарағанда өте сирек кездеседі. Әдеби тілде ерін үндестігі еркін өсіпбейді десе де болады. Осыған қарағанда ерін үндестігінің қазіргі қазақ әдеби тілі үшін айтарлықтай үлкен мәні бар деуге болады" - дейді (1; 80).

І. Мырзабековтің айтуынша, қазақ тілінде бірінші буында еріндік ауыстықтар келіп /о, ө, ұ, ұ/, екінші буында езулік ы, е, і әріптері келмесе, онда олар еріндік ө, ұ, ұ болып айтылады. Бұған мынандай мысалдар келтіреді: *құлұн, жұлұн, бұлұн, тоғұз, жүрөк, күрөк*. Ганым сингармонизмнің мәнін құруға тіл мен ерін үндестігі қатар қатысады дейді. Әрі ерін үндестігінің күші екі буынмен шектелмейтіндігін айтады (2).

Кейбір түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінде ерін үндестігі елеулі орын алады. Ол тілдердің нормасы үшін бұл заңдылықтың мәні зор болып келеді. Ал бұндай ерекшелік қазақ тілінде байқала қоймайды. Жалпы қазақ тілінің ауызекі тілінде еріндік заңы аздап босап да ұшырасады. Бірақ барлық жағдайда ерін үндестігі сақталады деген тұжырым жасауға болмайтын секілді.

Жалпы жоғарыда айтылған пікірлерді негізге ала отыра, мынандай тұжырым жасауға болады:

1.Қазақ тілінде бұрын ертеректе ерін үндестігі болғанға ұқсайды.

2.Уақыт өте келе тіл ол қасиетінен айырылып, ерін үндестігі тек сөздердің айтылуында ғана сақталған, яғни тілде тек қосалқы ғана қызмет атқара алады. Сондықтан бүгінгі күні қазақ тілінде ерін үндестігінің элементтері ғана сақталған деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТ:

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі /лексика, фонетика./—Алматы, 1975

2.Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы.—Алматы, 1993

БЕЙІМДЕСТІК ЗАҢЫ, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Бейімдестік заңы /аккомодация/ бұл "морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, бейімделіп айтылуы" /2/.

Бұл заңдылық күні бүгінге дейін мектеп оқулықтарында ассимиляция заңдылығының ішінде қарастырылып жүргені белгілі. Бейімдестік заңында дауыстылар дауыссыздарды дауыстың қатысы мен айтылуы жағынан өзіне бейімдеп тұрады. Бұл заңдылықта сөздің түрі дауыстының орын тәртібіне байланысты, соған сәйкес оны былай топтау орын алған:

1/ дауыстылар мен дауыссыздардың үндесуі;

2/ дауыссыздар мен дауыстылардың үндесуі.

Биді бірінші түріне тоқтап көрелік. Сөздің соңғы дыбысы дауысты болса, онда жалғанатын қосымша тек дауыссыздардан басталады (прогрессивті аккомодация). Ғылыми әдебиеттерде оның мынандай заңдылықтары ұшырасады:

- үнді дауыссыздар дауыстылармен еркін қатар тұрып айтыла береді және ешқандай алмасуға ұшырамайды;

- ұяңдардан тек ғ, г, д дыбыстарынан басталатын қосымшалар ғана дауыстылардан кейін тұра алады;

- дауыстыға біткен сөздерге қатаң дауыссыздан басталатын қосымшалар жалғанбайды. Алайда -с және -ш қатандарынан басталатын қосымшалар бұл заңға бағынбайды. Олар:

-сы, -сі;

-сыз, -сіз;

-са, -се;

-сын, -сін;

-шы, -ші;

-ша, -ше; -ш; -шық, шік;

2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасында» -С және -Ш дауыссыздарынан басталатын қосымшаларды "ерме қосымшалар" деп атайды.

Ал енді дауыссыздар мен дауыстылардың (регрессивті аккомодация) үндесуіне келсек, қазіргі қазақ тілінде «б, в, г, д ұяндарынан басқа дауыссыздардың бәрі де сөзді аяқтап тұра алады және бұларға дауыстылардан басталатын қосымшалар ретіне қарай жалғана береді» /2/.

Түбір соңындағы қ,к,п қатаң дауыссыздарынан кейін дауыстылар жалғанғанда бұл дауыссыздар ғ,г,б ұяң дауыссыздарымен алмасады. Мысалы: сабақ+ы=сабағы, ақ+ ешкі= ағешкі, қап+ым=қабым, көк+і=көгі

ӘДЕБИЕТ:

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі /лексика, фонетика/.-Алматы, 1975
2. Қазақ грамматикасы.-Астана, 2002
3. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы, 1954
4. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы.-Алматы, 199

4. ҰҚСАСТЫҚ ЗАҢЫ. ТҮРЛЕРІ

Ассимиляция латын сөзі, қазақшалағанда "ұқсату" деген мағынаны білдіреді. Кейбір еңбектерде бұл заңдылық «үйлестік заңы», «ұқсастық заңы», «дыбыс үндестігі», «ассимиляция» деген атаулармен қарастырылып жүр. Ұқсастық заңы - морфемалардың жініде көрші келген дауыссыздардың акустика-артикуляциялық жақтан бір-біріне ұқсауы, бейімделуі.

Тілде дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпалын үшке бөліп қарастыру орын алған:

1/ Ілгерінді ықпал

2/ кейінді ықпал

3/ тоғыспалы ықпал

Қазақ тілінде ілгерінді ықпал өте күшті болып келеді. Бұл заң бойынша алдыңғы морфеманың (түбірдің) соңғы дыбысы кейінгі морфеманың (қосымшаның) басқы дауыссыз дыбысына акустикалық жақтан ықпал етіп, игеріп тұрады. Ілгерінді ықпалдың мынандай жасалу жолдары бар:

- сөз соны үнді дауыссызға аяқталса, оған ұяң не үндінен басталатын қосымша жалғанады (үй-лер, кел-ді); Кейде үнді дауыссыздарға біткен сөздерге с және ш-дан басталатын ерме қосымшалар жалғана береді: мал-шы, ем-ші. Сол сияқты кірме қосымшалар да жоғарыда аталған ережелерге бағынбайды: -қор (жем-қор), -қой (әзілқой), кент (Жаркент).

- сөз соңында тек ж,з ұяң дауыссыздары кездеседі. Бұл ұяңдарға біткен сөздерге ұяңнан басталатын қосымша жалғанады (жаз-ды, біз-лер);

- сөз соны қатаң дауыссыздарға аяқталса, оған қатаң дауыссыздан басталатын қосымша жалғанады (тас-ты, құс-тар);

- ш дыбысына аяқталған сөзге с дыбысынан басталатын қосымша жалғанғанда айтылу кезінде с дыбысы ш дыбысына айналады (аш-са= ашша).

Ұқсастық заңының келесі түрі - кейінді ықпал. Кейінді ықпал дегеніміз –кейінгі дыбыстың (қосымшадағы) алдыңғы дыбысқа (түбірдегі) әсері. Кейінді ықпалдың мынандай түрлері кездеседі:

- түбірдің соңғы **н** дыбысы **б, п** дыбыстарының алдынан келсе, айтылу кезінде **н** дыбысы **м** дыбысына айналады: Құрманбек-Құрмамбек, Жанпейіс-Жампейіс, он парак – омпарак;

- түбірдің соңы **н** дыбысына бітіп, оған **ғ** және **г** дыбыстарынан басталатын қосымша жалғанса, айтылу кезінде **н** дыбысы **ң** дыбысына айналады: жанға-жанға, онға-оңға, күнге-күнге;

- түбірдің соңғы **с,з** дыбыстарының бірі **ш** дыбысының алдынан келсе, айтылу кезінде **с,з** дыбыстары **ш** дыбысына айналады: жазшы-жашшы, сөзшең-сөшшең, басшы-башшы, асшы-ашшы;

- түбірдің соңы **з** дыбысына бітіп, оған **с** дыбысынан басталатын қосымша жалғанса, айтылу кезінде **з** дыбысы **с** дыбысына айналады: жазса-жасса, қазса-қасса, жүз сом-жүссом;

- түбірдің соңы **з** дыбысына бітіп, оған **ж** дыбысынан басталатын қосымша жалғанса, айтылу кезінде **з** дыбысы **ж** дыбысына өзгереді: боз жорға-божорға, жүз жыл-жүжжыл.

Тоғыспалы ықпал дегеніміз – морфемалар аралығында (түбір+түбір аралығында) қатар келген дауыссыздардың алдыңғысының өзінен кейінгі дыбысқа акустикалық жағынан, кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа артикуляциялық жақтан ықпал етуінің нәтижесінде екеуінің алмасуға ұшырауы. Мысалы: айдын көл-айдыңгөл, қос жорға-қошшорға.

Тоғыспалы ықпал барысында сөз әрі ілгерінді, әрі кейінді ықпалға ұшырайды. Әрі бұл ықпал түрі тек сөз бен сөздің аралығында кездеседі.

Тоғыспалы ықпалдың жасалу ерекшеліктері төмендегідей:

- алдыңғы сөз үнді **Н** дыбысына бітіп, кейінгі сөз **Қ** немесе **К** қатандарынан басталса, онда **НҚ** және **НК** түріндегі дыбыс тіркесі айтылған кезде **ҢҒ** және **ҢГ** дыбыстарына ауысады: қайран қалды-қайранғалды, он күндік-онгүндік;

алдыңғы сөз С дыбысына бітіп, кейінгі сөз Ж дыбысынан басталса, онда бұлардың екеуі де айтылу кезінде Ш дыбысымен біріккен. Дожан-Дошан, тас жол-ташшол.

Жалпы ұқсастық заңы - тек дауыссыздардың арасында болатын араласу.

ӘДЕБИЕТ:

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі /лексика, фонетика/.-Алматы, 1975
2. Қазақ грамматикасы.-Астана, 2002
3. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы, 1954
4. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы.-Алматы, 199

ОРФОЭПИЯ. ОРФОГРАФИЯ. ГРАФИКА.

Орфоэпия сөздер мен сөз тіркестерінің бірізді, дұрыс айтылуын қамтамасыз ететін ережелер жиынтығы болып табылады. Қазақ тіл білімінде орфоэпия мәселелері тек 60 жылдардан бастап сөз бола бастады. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы жөнінде алғаш пікір айтушы М.Балақаев болды. Ол "Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері" деген оқулығында орфоэпиялық норма мен орфографиялық норма мәселерін жан - жақты сөз еткен болатын.

«Баяу дауыспен жайбарақат сөйлеп отырған кісінің әрбір сөзі үйреншікті дәстүр бойынша айтылуға тиіс. Сөздердің сондай жалпыға бірдей қалыпты айтылу нормасын – орфоэпия дейміз. Мұндай норма әдеби тілде сөйлейтін кісілердің сөзінде болады... Сөздерді әдеби тілдегі жалпыға ортақ нормада айтып сөйлеу – кісінің тіл мәдениетінің жоғары екендігінің белгісі» - деп көрсетеді (1; 37).

Ғалым орфоэпиялық норманың бір ұшы тіл мәдениетінде жатқанын, оның сақталуында әдеби тілдің ролі ерекше екенін орынды атап өткен.

Орфоэпия мәселесіне байланысты жазылған арнайы еңбектердің бірі - М.Дүйсебаеваның "Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері" (2). Сол сияқты Х.Қожахметованың "Мәнерлеп оқу" (10), Р.Сыздықованың "Сөз сазы" (8), Қ.Неталиеваның "Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі" (11) секілді еңбектерді атауға болады.

С.Мырзабеков "Қазақ тілінің фонетикасы" деген еңбегінде орфоэпиялық норманы тануда мынандай көзқарастар қалыптасқанын айтады:

- 1/ көпшілік қалай айтса - сол норма;
- 2/ неғұрлым жазылуына жуық дыбыстау;
- 3/ жастардың айтуын норма деп тану;
- 4/ астананың айту машығын негізге алу;
- 5/ сахна шеберлерінің сөйлеуін үлгі ету;
- 6/ говорлардың көпшілігіне тән айту машығын ескеру;

7/ мәдени-тарихи дәстүрді басшылыққа алу;

8/ тілдің ішкі даму заңдылықтары қуаттайтын форманы мойындау (7).

Ғалым дұрысы соңғы екеуі деп береді. Әрине, кез келген тілде мәдени-тарихи дәстүрді, тілдің ішкі даму заңдылықтарының ерекшеліктерін негізге алатыны белгілі. Орфоэпия осы ішкі заңдылықтар негізінде қалыптасқан сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс айту нормасының сақталуын қамтамасыз етеді.

Орфография жазба тілде пайдаланылатын біркелкі жазудың жүйесі екені белгілі. Қазақ жазуы күні бүгінге дейін 1957 жылы қабылданған емле ережелерін пайдаланып келеді. Бұған тек 1983 жылы толықтырулар мен түзетулер енгізілген болатын.

Онда қазақ орфографиясының негізгі ережелері 9 бөлімнен тұрды:

1/ дауысты дыбыс әріптерінің қолданылуы;

2/ дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуы;

3/ түбір сөздердің жазылуы;

4/ бөлек жазылатын сөздер;

5/ қос сөздердің жазылуы;

6/ қосымшалардың жазылуы;

7/ шылау сөздердің жазылуы;

8/ бас әріптің қолданылуы;

9/ сөздердің тасымалдануы.

Бұл орфографиялық ережелер, біріншіден, тілдегі сөздердің дұрыс жазылуына, олардың тілде орнығуына септігін тигізсе, екіншіден, орфографиялық норманың қызметін айқындады. Осы орфографиялық ережелерге сүйене отырып, қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері шығарылды.

Р.Сыздық «Қазақ тілінің анықтағышында» (2000) орфографиялық ережелерді 6 бөлімге жинақтады. Онда:

1/ Кейбір дыбыстардың жазылуы;

2/ Түбір сөздердің және қосымшалардың жазылуы;

3/ Сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы;

4/ Шылаулар мен одағайлардың жазылуы;

5/ Бас әріптердің қолданылуы;

6/ Сөздерді тасымалдау

Ғалым дыбыстардың барлығының жазылуы қиындық тудырмайтынын айта отырып, орфографиялық ережедегі дауысты (бірінші) және дауыссыз (екінші) дыбыстарға қатысты, сол сияқты түбір мен қосымшаға қатысты бөлімдерді біріктіреді. Еңбекте орфографиялық ережелер жинақталып, жан-жақты талданады.

Бүгінгі таңда орфографияда морфологиялық принциппен қатар, фонетикалық, дәстүрлік, дифференциялаушы принциптер қолданылады. Ал қазақ орфографиясының негізгі принципі морфологиялық принцип болып табылады.

«Қазақ орфографиялық сөздігінің» бірінші басылымында (1963) мынандай түсінік берілген: «Морфологиялық принцип бойынша сөздердің ауызекі айтылуында көршіліес дыбыстардың әсері нәтижесінде пайда болатын дыыстық құбылыстар ескерілмей, бастапқы түбір күйіндегі құрамы сақталып жазылады».

Графикаға келсек, ол жазуға қатысты мәселелерді қарастырады. Қазіргі уақытта әлемде үш түрлі жазу жүйесі тараған: латын, кириллица, араб. Қазақ жазуы 1940 жылдан бастап кириллицаны басшылыққа алып келе жатқаны белгілі.

Жалпы қазақ жазуы жоғарыда аталған үш жазуды да басынан өткізді. 1930 жылдарға дейін араб графикасы пайдаланылды, 1930 жылдан бастап латын графикасы, 1940 жылдан бастап орыс графикасына негізделген жазуға /кириллица/ көшті. Қазақ жазуы күні бүгінге дейін осы жазу түрін пайдаланып келеді.

Графика - жазуға қатысты барлық амалдар жиынтығын қамтитын жүйе.

ӘДЕБИЕТ:

- 1.Билікбаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері.-Алматы, 1965
- 2.Дүйсебаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері.-Алматы, 1973
- 3.Кенесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі /лексика, фонетика/.-Алматы, 1975
- 4.Қазақ грамматикасы.-Астана, 2002
- 5.Қазіргі қазақ тілі.-Алматы, 1954
- 6.Қазақ орфографиялық сөздігі. –Алматы, 1963
- 7.Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы.-Алматы, 1993
- 8.Сыздыкова Р. Сөз сазы.-Алматы, 1983
- 9.Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. –Астана, 2000
- 10.Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу.-Алматы, 1982
- 11.Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі.-Алматы, 1972

ДЫБЫСТЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

Қазақ тіліндегі фонетикалық өзгерістер әр түрлі болып келеді. Бұл өзгерістер сөз басында да, сөз ортасында да, сөз аяғында да байқалады. Осыған сәйкес Ә.Хасенов фонетикалық құбылыстарды анлауаттағы /сөз басындағы/, инлауттағы /сөз ортасындағы/, ауслауттағы /сөз соңындағы/ құбылыстар деп бөледі /4/.

Жалпы бұл өзгерістер кейбір еңбектерде "дыбыстық өзгерістер"/1/, кейбір еңбектерде "фонетикалық құбылыстар" /2/ деген атаумен беріліп жүр. А.Айғабылов бұл дыбыстық өзгерістердің көпшілігін морфонология саласында қарастырады.

С.Мырзабеков "Дыбыстық құбылыстар - сөздің құрамында болатын әр алуан дыбыстық өзгерістер" дей келіп, олардың қатарына протеза, эпентеза, элизия, метатеза, гаплогия, редукция, диэреза, алакопа секілді құбылыстарды жатқызады. Олардың әрқайсысына мынандай анықтама береді.

Протеза - сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы. Қазақ тілінде протеза құбылысы қысаң дауыстыларда байқалады. Мысалы: ырақым, ілеген.

Эпентеза - сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауыстының қыстырылуы. Мысалы: бөрене - бревно, жеребе - жребий.

Элизия - бунақтағы сөздердің арасында қатар келген екі дауыстының алдыңғысының түсіп қалуы. Мысалы: ала алмадым.

Аферезис - элизияға қарама-қарсы құбылыс. Яғни бунақта қатар келген екі дауыстының кейінгісінің түсіп қалуы. Бұл қазақ тілінде сирек кездеседі.

Метатеза - сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара орын ауыстыруы. Мысалы: әпке - әкпе.

Гаплогия - сөз ішіндегі біркелкі буындардың бірінің түсіп қалуы. Мысалы: балалар - балдар.

Редукция – бұл дауыстыларға байланысты құбылыс. Яғни сөз ішіндегі дауыстылардың көмескіленуі. Мысалы: қорытынды – қортанды.

Дигрессия – айтуға ыңғайлы болу үшін жеке дыбысты немесе бұйымды ығыстыру.

Апокопа – сөз соңындағы дыбыстың түсіп қалуы. Мысалы: пар – парн.

ӘДЕБИЕТ:

1. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы.- Алматы, 1995
2. Қазақ грамматикасы.- Астана, 2002
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы.- Алматы, 1993
4. Хасенов Ә. Тіл білімі.- Алматы, 1996

ФОНЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

Тілдің дыбыстық жүйесіне байланысты өткен теориялық материалды бекітуде фонетикалық кешенді талдаудың ролі ерекше.

Фонетикалық кешенді талдау тіл жүйесіне қатысты барлық теориялық мәселелерді қамтиды. Талдау барысында дыбыстардың құрамы, саны, оның жіктелім кестесі, буын саны, әр дыбыстың акустика-артикуляциясы жағынан ерекшелігі, дыбыстардың өзара үндесуі (жуан-жіңішкелігі, дауыссыз бен дауыссыздың, еріндік-езулік дыбыстардың, дауысты-дауыссыз дыбыстардың), жазылу емлесі, айтылу ерекшелігі, екпін секілді мәселелер толығымен ескеріледі. Талдау студенттің алған білімін практикада қолдана білуге, пысықтауға, теориялық материалды есте жақсы сақтауға, жүйелі талдауға мүмкіндік береді. Сондықтан фонетикалық кешенді талдау студентке тілдің дыбыстық жүйесі бойынша өткен материалды пысықтатып, жаттықтыруда үлкен рөл атқарады.

Фонетикалық кешенді талдау жүйесі:

I. Сөздегі әріп, дыбыс, дауысты, дауыссыз саны анықталып, екпін қойылады, сөз айтылуы бойынша талданады;

II. Сөздерді буынға бөліп, буын түрлерін анықтайды;

III. Әрбір дыбысқа сипаттама береді:

1. дауыстыларды:

а/ құрамына қарай (жалаң, құранды);

ә/ тілдің қатысына қарай (жуан, жіңішке);

б/ жақтың қатысына қарай (ашық, қысаң);

в/ еріннің қатысына қарай (еріндік, езулік) ;

2. дауыссыздарды:

а/ шығу тегіне қарай (төл, кірме);

ә/ дауыс қатысына қарай (үнді, ұяң, қатаң);

б/ дауыстың айтылу жолына қарай (шұғыл, діріл, ызың)

в/ дауыстың айтылу орнына қарай (ерін, тіс пен ерін, тіс, тіл ұшы, ...)

IV Үндестік заңы бойынша талданады:

а/ Буын үндестігінің сақталу-сақталмауы;

б/ Ерін үндестігі бар ма, жоқ па? Бар болса неше буынға дейін кетеді?

б/ Дыбыс үндестігі бойынша ықпал түрлері (ілгерінді, кейінді, тартынды) талданады;

в/ Бейімдестік заңы бойынша ықпал (ілгерінді, кейінді) түрлері анықталады;

V Орфография бойынша сөздің дұрыс жазылуы;

VI Орфоэпия бойынша сөздің дұрыс айтылуы беріледі.

Үлгі:

Сөз: Балалық – (балалық)

1. Сөзде 7 дыбыс, 7 әріп

2. Ба-ла-лық (Ашық+ашық+тұйық)

3.

б – дауыссыз, төл, ұяң, ерін, шұғыл

а – дауысты, жалаң, жуан, ашық, езулік

л – дауыссыз, төл, үнді, тіл ұшы, ызың

а – дауысты, жалаң, жуан, ашық, езулік

л – дауыссыз, төл, үнді, тіл ұшы, ызың

ы – дауысты, жалаң, жуан, қысаң, езулік

қ – дауыссыз, төл, қатаң, шұғыл, тіл арты

4. Үндестік заңы бойынша:

а/ тіл үндестігі (мингармонизм) сақталған;

ә/ дыбыс үндестігі (ұқсастық заңы) жоқ;

б/ бейімдестік заңы бойынша ілгерінді ықпал;

в/ ерін үндестігі жоқ.

5. Орфография бойынша /балалық/

6. Орфоэпия бойынша /балалық/

ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Фонетика, оның зерттеу нысаны: дыбыс, әріп, фонема. Салалары
2. Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі
3. Фонема жөніндегі көзқарастар
4. Сөйлеу дыбыстарын қарастырудың үш аспектісі
5. Транскрипция, оның түрлері
6. Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдістер
7. Дауысты дыбыстардың өзіндік белгілері, түрлері
8. Дауысты дыбыстардың зерттелу жайы
9. Дауысты дыбыстардың саны жөніндегі пікірлер
10. Жалаң және құранды дауыстылар. Ерекшеліктері
11. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың зерттелу жайы
12. Дауыссыз дыбыстардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай түрлері
13. Дауыссыз дыбыстардың саны жөніндегі пікірлер
14. Орыс тілінен енген дауыссыз дыбыстар. Ерекшеліктері
15. Буын, оның белгілері, түрлері
16. Қазақ тіліндегі буынның дыбыстық құрамы
17. Буын және тасымал. Тасымалдың ережелері
18. Екпін туралы түсінік
19. Екпін, оның түрлері
20. Қазақ тіліндегі екпін қабылдамайтын қосымшалар
21. Үндестік заңы
22. Тіл үндестігі. Тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшалар
23. Ерін үндестігі
24. Бейімдестік заңы. Түрлері
25. Ұқсастық заңы, түрлері
26. Бейүндестік заңы туралы түсінік
27. Тілдегі фонетикалық құбылыстар
28. Орфоэпия туралы түсінік
29. Қазақ орфоэпиясының қазіргі жай-күйі

- 10 Орфоэпия және орфография
- 11 Орфография туралы түсінік
- 12 Орфографиядағы принциптер
- 13 Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері
- 14 Қазақ орфографиясының қалыптасу, даму жолдары

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ (СӨЖ)

1. "Фонетика саласының зерттеу нысаны және салалары" тақырыбы бойынша:

1. Фонетика саласына байланысты кездесетін пікірлерді саралай отырып, өз ой-тұжырымыңызды жасаңыз.
2. "Фонема", "тонема", "сингармема" терминдеріне қатысты кездесетін пікірлерге талдау жасаңыз.
3. "Фонетика саласының зерттелуі" тақырыбына реферат жазыңыз.
4. Жаңа фонетикалық ұғымдар мен атауларға байланысты терминдер сөздігін жасаңыз.

2. "Сөйлеу дыбыстарын қарастырудың үш аспектісі. Әдістер." тақырыбы бойынша:

1. Дыбыстарды қарастырудың анатомия-физиологиялық, акустикалық, лингвистикалық аспектілеріне сипаттама беріңіз.
2. "Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдістер" тақырыбына реферат жазыңыз.
3. Актив және пасив мүшелердің қызметіне тоқталыңыз.

3. "Дауысты дыбыстардың саны, сапасы, құрамы" тақырыбы бойынша:

1. Дауысты дыбыстардың өзіне тән белгілерін атаңыз.

7. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың саны жөніндегі көзқарастарға талдау жасаңыз.

1. Жүбішевтың қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарға байланысты көзқарасына талдау жасаңыз.

4. "Дауыстылардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер" тақырыбы бойынша бақылау жұмысына дайындық.

4. "Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың саны, құрамы, сапасы" тақырыбы бойынша:

1. Дауыссыз дыбыстарға тән белгілерді атаңыз.

2. Дауыссыз дыбыстардың саны жөніндегі көзқарастарға шолу жасаңыз.

3. Дауыссыздардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

4. "Қазақ тіліндегі к-к, ғ-ғ дауыссыздары" тақырыбына реферат жазыңыз.

5. "Буын және оның түрлері. Екпін" тақырыбы бойынша:

1. Буынға тән сипаттарды атаңыз.

2. Буынның түрлеріне байланысты пікірлерді саралаңыз.

3. Буынның дыбыстық құрамына талдау жасаңыз.

4. "Қазақ тіліндегі екпін қабылдамайтын қосымшалар" тақырыбына реферат жазыңыз.

5. Екпіннің орнына, қызметіне, түрлеріне сипаттама беріңіз.

6. "Үндестік заңы. Түрлері" тақырыбы бойынша:

1. Үндестік заңының түрлеріне сипаттама беріңіз.

2. Ерін үндестігіне байланысты көзқарастарға шолу жасаңыз.

3. Бейімдестік заңының түрлеріне сипаттама беріңіз.
4. Көркем шығармадан бейімдестік заңына 20 мысал келтіріңіз.
5. "Тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшалар" тақырыбына реферат жазыңыз.

7. "Орфография. Орфоэпия. Графика" тақырыбы бойынша:

1. Орфоэпия, орфография, графиканың өзара байланысы.
2. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігімен жұмыс.
3. Қазақ орфографиясының негізгі ережелеріне талдау жасаңыз.
4. "Қазақ тілі жазуының тарихы" тақырыбы бойынша бақылау жұмысына дайындалыңыз.
5. "Қазақ орфографиясының қалыптасу, даму жолдары" тақырыбына реферат жазыңыз.
6. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігімен жұмыс.

8. "Тілдегі фонетикалық құбылыстар" тақырыбы бойынша:

1. Тілдегі фонетикалық құбылыстарға сипаттама беріңіз.
2. Протеза, эпентеза, редукция, дизреза, апокопа, метатеза, элизия, аферезис, гаплогия құбылыстарына көркем шығармадан 10 мысалдан келтіріңіз.

Әдістемелік нұсқау:

Студент өздік жұмысқа дайындалу барысында тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттермен танысып, өз ой тұжырымдарын да еркін айта білген дұрыс.

Өздік жұмысты тапсыру кезінде студенттің жауабының нақтылығы мен дәлдігі, логикалық жүйелілігі, тілдік деректерді, зерттеу әдіс-тәсілдерді дұрыс қолданыла білуі ескеріледі.

АГЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Фонетика саласының зерттеу нысаны. Салалары.

1-тапсырма. Фонетиканың жасалым фонетика, естілім фонетика, айтылым фонетика, үндесім фонетика секілді салаларына түсініктеме беріп, әрқайсысының зерттеу нысанына тоқтаңыз.

2-тапсырма. Фонема, тонема, сингармема терминдеріне түсініктеме беріңіз.

3-тапсырма. Қазақ тіліндегі дыбыстардың фонемалық қасиетіне сипаттама беріңіз.

1. Түс ауа пішеншілер үйіне қайтады /Ә.К./.

2. Осы немені көген мен шөмеленің маңынан жүргізбей – ақ қояйын деп, көктемде қозы салдырмады, жазда айыр ұстатпады /Ә.К./.

3. Шеген сұлу, сұнғақ денелі, бұлшық еттері болаттай иірілетін, күнге күйген, тобылғы торы екен /Ғ.М./.

4. Жаңа жеккен ат басымен алысады /Б.М./.

5. Қасында Майбасар мен тілмәш, атшабарлары бар /М.Ә./.

4-тапсырма. Төменде берілген сөздердің ортақ фонемаларын тауып, топтап жазыңыз.

Тұр, тіс, сал, от, сол, өт, сүт, түс, тіл түр, құр, сәл, сәл, ат, күт, күн, жүн, ос, жүр, сұр, сөл, ет.

Дауысты дыбыстар. Саны, сапасы, құрамы.

1-тапсырма. Төменде берілген сөздердің құрамынан дауысты дыбыстарды тауып, оларды тілдің, жақтың, еріннің қатысына қарай талдаңыз.

1. Қасында сыртына алабажак әшекей салған бүйірлі тас құман /Ө.К./.

2. Бұл бейтаныс палуандардың ішінде сенің жанашырың жоқ /Қ.Ә./.

3. Палуан да, жүйрік те, ақын да, ғалым да, шешен де, шебер де – халықтікі – біздікі. Біз – халықпыз /Қ.Ә./.

4. Үй ішіндегілер күлерін де, күлмесін де біле алмай сазарып қалыпты /Ө.К./.

5. Бір уақытта ауылдың ең шетіндегі бұлардың шатпасына да таяп қалды /Ө.К./.

2-тапсырма. Мәтіннен дифтонг дауыстыларды тауып, олардың жалаң дауыстылардан айырмашылығын түсіндіріңіз.

1. Күлте сақал қызық төмпеке тағы бір уыс топырақ қосып, алақанын жүре қағып, жұртқа ілесті /Ө.К./.

2. Көзінді салшы далама, Түкті кілем түгіндей, Тауыма сұлу қарашы, Қыздың жиған жүгіндей /Ж.Ж./.

3. –Науқасыңызға қиналамын, Әбіш... Мен жауабымды айтайын /М.Ә./.

3-тапсырма. Кірме дауыстылардың дыбыстық құрамына талдау жасаңыз.

Мая – мая, шолтию, аю, электр, сою, қою, қоян, шаян, ою, тою, экономика, элегия, эмоция.

4-тапсырма. Айтылуы мен жазылуында ерекшелігі бар дауыстыларды табыңыз. Себебін түсіндіріңіз.

1. Манарбектің асқақ даусы көкке өрлесе, домбырасын өзіне тән епкімен сөйлетті /Қ.Т./.

2. Содан бері Күн мен Бұлт тату –тәтті өмір сүріпті. /М.Ш./.

3. Биылғы жайлау – жылдағы жайлау емес /М.Ә./.

4. Ол Мидия патшасының баласы Ханзада еді.

Дауыссыз дыбыстар. Саны, сапасы, құрамы.

1-тапсырма. Мәтіннен дауыссыз дыбыстарды тауып, оларды артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай талдаңыз.

1. Үркердей топ орындарынан дүркірей көтерілді /Ә.К./ 2. Айыр күйрек ақ бауыр қарлығаш жолды қайта – қайта кес – кестеп шырқ үйіріліп, шықпай жүр /А.К./ 3. Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін /М.Ж./ 4. Ол оқуына кеткен соң, қыз бұл үйдің табалдырығын бұрынғыдай емес, бір түрлі мұңайып аттайды /Ә.К./ 5. Абыройсыз емес, суретін газет – журналдардан көріп тұрады, радиодан атын естіп жатады /М.Қ./

2-тапсырма. Төменде берілген сөздерден аффрикат дауыссыздарды тауып, олардың жалаң дауыссыздардан айырмашылығын түсіндіріңіз.

Циркуль, чемодан, чемпион, чек, цензура, циклон, целлюлоза.

3-тапсырма. Берілген сөйлемдерден дауыссыз дыбыстарды тауып, олардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

1. Майдан даласы әп – сәтте тозаққа айналып сала берді /Қ.С./ 2. Алдында не күтір тұрғаны тағы беймәлім /Қ.М./ 3. Жол қысқартқымыз келсе, қисық – қисық көшесі бар өзбек махалласын жанап өтеміз /Қ.М./ 4. Д.Банзаров өмірінен жазылған І.Цыдындымбаевтың «Дорджи – Банзар баласы» деп аталатын тарихи шығармасын ыждағатты оқыпты /Қ.Е./ 5. Мен басқа салааның қызметкерімін, һаран Ахметович /Х.Е./

4-тапсырма. Қазақ тіліндегі кірме дауыссыз дыбыстар тоқтап, олардың сөз ішінде кездесу ыңғайына түсініктеме беріңіз.

Буын, оның түрлері. Буынның дыбыстық құрамы.

1-тапсырма. Мәтіндегі сөздерді буынға бөліп, буын түрлерін қарай ажыратыңыз.

1. Жер бетіндегі су қорының тоқсан сегіз пайызы ашы, екі пайызы тұщы су /Ж.С./.

2. Жас шағынан бастап, құштар болған жан жақты өнерін Шәкәрім өмір бойы шындап, өркендетіп, өсіріп отырған Қ.М./.

3. Алғашқыда екі – үш күнге кездесуге рұқсат берген еді /А.Т./.

4. Абай осы хабарды естіп болып, өз істеріне қайта кірісті /М.Ә./.

5. Халқымыздың қабырғалы қайраткері Асанқайғының да қабірі осы Ұлытауда /Қ.А./.

2-тапсырма. Төменде берілген сөздерді буынға бөліп, буынның дыбыстық құрамына талдау жасаңыз.

Жаға, орда, төрт, бұлбұл, мәтін, пункт, жалт, мемлекет, спорт, студент, станция, қант, тас.

3-тапсырма. Қазақ тілінде буын алмасу қандай жағдайларда болады. Мысал келтіріңіз.

Екпін, оның түрлері. Екпін қабылдамайтын қосымшалар.

1-тапсырма. Мәтіндегі сөздерге екпін қойып шығыңыз. Екпіннің ауыспалық қасиетіне сипаттама беріңіз.

1. –Жарайды, жарайды, жалғызым, айтайын, айтайын. – деп жанашыр әжеге еркелігі ме, жетім көңілдің кіділігі ме, әйтеуір тез оқпелеп, тез кемсендеп кетіп бара жатқан немересін қайта шақырып алған /С.Ж./.

2.Еділ бол да, Жайық бол, Ешкіммен ұрыспа, жолдасыңа жау тисе, Жанынды аяп тырыспа /Бес ғасыр жырлайды/.

3.Әуе тұп-тұнық, тап-таза, жібектей жұмсақ /С.С./.

4.Шерші барыңды. Білгенің, ұққаның бар ма, жаңа әнімді айтам. /М.Ә./.

5.-Мен Балтабектікіне барып ағытайын - деп орнынан түрегелді /С.М./.

2-тапсырма. -ушы, уші қосымшаларының көмегімен жасалған тұлғалардың екпін қабылдау ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

1.Сұмдық-ай! Осылайша, отыз бесінде ме әлде қырық жасында ма, таланттан көз жазып қалған, бірақ онысын мойындамай, бұрынғы беделін базарға салып жүретін бір адамдарды бұл білуші еді /Қ.Ж./.

2.Алтынмен сауда жасаушы мырзалар да, қытайларға тыңшы болып қызмет істеуші және сөйте жүріп, қырғыз жылқысын қалай ұрласа, қытай жылқысын да солай ұрлап, амалдап жүрген мырзалар да бәрі де дәл осы жерде бұғып күнелтеді /Ш.У./.

3.Қасым тау ішінде келе жағыр. Бұдан кішірек күнінде көп естіген қараңғы сырлы әңгімелер болушы еді /М.Ә./.

4.Солтүстіктегі биік таулардан асып келіп, үзіліп-үзіліп майысып соғып тұратын қоңыр салқын желі болушы еді.

5.Өзектің айналасындағы төбелер ылғи жасыл шөпке оранып, мәңгі жастық түсінен айрылмайтын сияқтанушы еді /М.Ә./.

3-тапсырма. Ешбір қосымшасыз айтылған әлбетте, әмен, һәмма, балки, бәлкім, ләкин сөздерінде екпіннің бастапқы буынға түсу ерекшелігін түсіндіріңіз.

4-тапсырма. Мәтіндегі жалтылау есімдіктерінің екпін қабылдау ерекшелігін түсіндіріңіз.

1. Қорқыт күйлеріне бүкіл дүние, жан иесі түгел ұнайды.
2. Бұның бәрі "Құнанбай ауылы" деп аталады /М.Ә./.
3. Бұл орайда Құрманғазы өзінің қайталанбас өнерімен ғана емес, өмірімен де туған халқының бүкіл қасиетіне, сол бір алмағайып өтпелі кезеннің хал-күйіне ең жарқын айғақ бола біледі /М.М./.
4. Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас - той, дау-дамай - бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген /Б.М./.
5. Есжан бұның бәрін естімеген болып шықты.

Үндестік заңы. Тіл үндестігі.

Ұқастық заңы. Түрлері. Ерін үндестігі.

1-тапсырма. Мәтіннен ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалды тауып, әрқайсысына түсініктеме беріңіз.

а/

1.-Жас емеспіз ғой, Реке, маған деген ықылас - пейіліңізге иненің жасуындай да күмәнім жоқ /А.С./.
2. Мынаң қарашы, Қайырғалидің де жігіт болып қалғанын /Қ.С./.
3. Кеудесінде бір күдік жаралы құстай шар етіп еді, өзін-өзі әрең тежеп, тіл катнады /Ш.А./.
4.-Әй, Домбай! Қайырылшы,- деп камшысын шошайтты /Ж.А./.
5. Іріленбе, іріленбе. Түні бойы түк жаза аламай отырып, катқаныңның басына көкімісің - деді /Ж.А./.

ә/

Көк тұман - алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.
Ол күндер - өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына із қалдырмас.

Сөнің бірі - арнаулы гаусыншақ күн,
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.
Ақыл мен жан - мен өзім, тән - менікі,
"Мені" мен "менікінің" мағынасы - екі.
"Мен" өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
"Менікі" өлсе өлсін, оған бекі.
Шырақтар, ынталарың "менікінде",
Гән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен -
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

(А. Құнанбаев «Көк тұман - алдыңдағы келер заман»)

2-тапсырма. Мәтінде берілген сөздерді тіл үндестігі тұрғысынан талдаңыз.

а/

1. Ақ отау "Бекболаттікі" дегенде Ақбілектің жүрегі болар-болмас бұлк ете түсті /Ж.А/. 2. Елірмелі маскүнем байқалған ғой, Сәнқой, данғой, ойнашы, керім-кербезім /А.Қ/. 3. Байдікі он шақты түйеге жүгін артып болған екен /Ж.А/. 4. Кербұғынікі - жыл сайынғы жекпе-жекте жеңіске өзі жетіп, дәнігін қалған менмендік /О.Б./ 5. "Кітапхана" - атың сенің тым ыстық /Ғ.Қ./

ә/

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білегін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ...

1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы

сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапсаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасын жете алмай қалады. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі...

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың (таспен) би болатын заманға қарсы туған. Білім көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», - деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан...

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады...

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз.

(А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны»)

3-тапсырма. Берілген сөйлемдерден тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды тауып, ауытқу себептерін түсіндіріңіз.

1.Тілмаш бола ма деген Тәшен көптің арасына сіңіп, көрінбей кетті /Б.М./.

2.Артынан барып білінді, күрең құнан Бозжігіт елінікі, сирі құнан Саймұраттікі /Б.М./.

3.Жасайды атың мәңгілік, Қош, кишімгер, қош, аға! /Ғ.Қ./.

4.Әсемпаз болма, әрнеге, Өнерпаз болсан, арқалан /А.Қ./.

5.Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей, Өтірікке өлгенше, шынға өлелік /Ш.Қ./.

4-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерден ерін үндестігі байқалатын сөздерді табыңыз. Себебін түсіндіріңіз.

а/

1.Заманың қалай болса, Бөркінді солай ки /Мақал/.

2.Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады /Ж.А./.

3.Біздің құбыжығымыз жоқ, сендер болмасаңдар, -деп Тыпаң қарнын бүлкілдетті /Ж.А./.

4.Ортасында бес үлкен ақ үйлер бар, көк үйлі ауыл - Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың қармай, мойнын бұлғай, көзін тұнжырата, ернін шошайта сөйледі /Ж.А./.

ә/

Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар білімділер, зейінділер. Оларға бәйге тігіп, жарыстыратындар бай адамдар я обществолар. Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады.

Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Ол бірнеше ұлыс үшін ғана жасамайды, бүтін ұлт я дүниедағы бүтін жұрт үшін һәм көпке қаларлық іс үшін істеледі... Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер.

(А.Байтұрсынұлы «Маса» жинағынан)

Бейімдестік заңы. Түрлері.

Бейүндестік заңы.

1-тапсырма. Мәтіннен ілгерінді, кейінді бейімдестікті тауып, түсініктеме беріңіз.

а/

1. Мен қалып ағатайым ілінегін болса, оның орнына, құдайға тапсырып, өзім кетермін, - деді /Ж.А./.

2. Кәдімгі "жолбасар" ұрыларына шапан-бөркін айналдырып киіп, мұрны мен аузын қызыл орамалмен ғаңып алып, Жұмабайды қуғанда тағы сол ұрыларша, даусымды танытпаймын деп, мыңқылдап сөйлеп бұйрық берген /М.Ә./.

3. Қайғың болса, досыңа бар, Қарның ашса қосыңа бар /Мақал/.

4. Ең бірінші бақытым - халқым менің, Соған берем ойымның алтын кенін /М.М./.

5. Тап келгенің ішек-қарнын судай шашып, қарнап алуға әзір тұр. /Ө.К./.

ә/

Бейуак еді. Кеш қараңғылығы қоюланып келеді. Үлкен үйдің бұрыш-бұрышынан қарауытып түн туып, тұтасып келе жатқан тәрізді. Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі осы. Кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі, меймандос, мол үй.

Абайдың кәрі әжесімен, өз шешесімен бірге тұратын үйі осы еді.

Әлі шам жағылған жоқ, жұрттың көбі тыста мал жайлап жүр. Шыңғыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп, екі шынтағын терезенің алдына салып, иегін қолдарының үстіне қойып Абай отыр. Бұдан басқа оң жақта, жер төсектің үстінде бала уатқан Зере бар. Тізесімен тербетіп отырғаны – Айғыздан туған немере қызы – үш жасар Кәмшат. Кәрі әже күндегі машығы бойынша бесік жырын айтады. Өте бір өгеше, ескі жыр. Абайдың өз әжесінен басқа ешкімнен естімеген жыры. Бірақ кәрі әжесінің өзіндей соншалық жақын, ыстық, сүйікті жыры. Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш

өзінің осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын. Сол күндерден бір сарғаты ауыспаған, бір сөзі де өзгермеген, ана жүрегіндегі айнымас жыр. Осындай қоңыр кештің қоңыр күйі. Бейуағына жеткен әженің өмірлік той-гойі. Сырт қарап отырған Абай әженің кейде шерлі, кейде мейірбан рақым күйін өзін тербетіп отырғандай сезеді. Аяқталмай соғыла түссес екен дейді.

(М.Әуезов «Абай жолы»).

2-тапсырма. Дауыстыға біткен сөздерге қатаңнан басталатын қосымшалардың жалғану себебін түсіндіріңіз. Бұларды қандай қосымшалар деп атайды. Мысал келтіріңіз.

3-тапсырма. Мәтіннен бейүндестік заңы байқалатын сөздерді тауып, олардың өзгеріске түсу ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

1.Артында казактың жас балалары, Сөзінді көсем қылып жүрер жеке /М.Ж./ 2.Өнерпаз, білімді елдің мінезі осы, Алу, жәрдем, махаббат қалмаған ба?! /Ш.Қ./ 3.Айналайын, қарағым, маған бір қараилы. 4.Молдадан сабақ алсаңыз, Алуа-шекер балмен тең /Шал ақын/.

Орфоэпия. Орфография. Графика.

1-тапсырма. Мәтіннен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөзді тауып, себебін түсіндіріңіз.

1.Бұл әңгімені Рамазан мергеннің өз аузынан естіп едім /А.Қ./ 2.Мүсіреп анырап тұрған суық жер үйіне кірді /Ғ.М./ 3.Бұрын бүркіт көрмеген Ботагөз, Қызық көріп, Амантаймен далаға ере шыққан еді. 4.Итбайдың ауылында неше үй бар, қай үй қай жерде отыратырғаны Асқарға мәлім еді. 5.Ол кезде Қараадыр егін дегенді білмейтін. Ақөзектің қандай қасиеті бар екенін Әбіш те, ағайын да білген жоқ /М.Ә./.

2-тапсырма. Берілген сөздердің ішінен бөлек жазылатын сөздерді табыңыз.

Дүниежүзі, дүниежүзілік, дүниекезек, дүниекоңыз, дүниекоңыздық, дүниетану, дүниетаным, дүниеқор, дүниеқұмар, дүниежанды, дүниесалу.

3-тапсырма. *рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, км, брь, блъ сияқты дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге қандай қосымша жалғанады. Әрқайсысына мысал келтіріңіз.*

4-тапсырма. *Қазақ әліпбиіндегі көп мәнді әріптерге тоқтап, әрқайсысына мысал келтіріңіз.*

Транскрипция. Түрлері

1-тапсырма. *Төменде берілген сөйлемдерді фонетикалық транскрипция бойынша жазыңыз.*

а/

1.Қарсы алдындағы бірінші ротаның шебі тағы да үзілді /Т.А./.
2.Ақыры, андыған дұшпандары оны аяғынан шалып шықты /Қ.С./.
3.Ең бастысы - жеті бірдей патшалықты біріктіріп, кемеліне келіп, маңайына асқак қараған Цин империясы өзінің оралу дәуірінің бал қызығын бастан кешіріп, базары тарқар шаққа біржола бет бұрғандығы еді /Қ.С./.
4.Бір лажын тап, қол ұстасып, біреумен кетуге бармын /С.С./.
5.Екеуінің өзара күнкілі, өкпе-назы, реніші, қуанышы, көбінесе, ишарамен, елеурінмен айғақталып жатады /М.Қ./.

ә/

Абай кешкі қозының жамырауынан ояңды. Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қалыпты. Дүние у-шу,

тоғайыңа. Бірақ соны көмескі, бұлдыр бір түс араластай
бояйды. Басы мең-зең. Еті лапылдап, күйіп тұрған сияқты. Аузы
күршіп, еріп қатты кезеріп қапты. Құр тамсанады. Қасында шешесі
мен әжесі отыр. Ұлжан мұның маңдайына алақанын қойып, төмен
тұрып отыр екен.

(М.Әуезов «Абай жолы»).

б/

Қуанбандар жастыққа
Қуанбандар жастыққа,
Елірме күлкі, мастыққа.
Көзің қайдан жетеді
Достық пенен қастыққа?
Құрбынның қызық дегенін
Сөз екен деп ап шықпа.
Адалдан тапқан тыйынды
Сал да сақта қапшыққа.
Қолдағынды қорғап бақ,
Мал арзан деп аптықпа.
Сыпайы жүр де, шаруа ойла,
Даңғойланып қақтықпа.
Бет алды жанға бой салма,
Қорлық жүрмес сақтыққа.
Елу бесте біз дағы
Сенісер адам таптық па?
Арсыз құмар болғандар
Опыр-топыр, шак-шұққа
Түспей жүр ме, көрдің бе,
Жалаң-жұлаң, тақ-тұққа?

(А.Құнанбаев «Қуанбандар жастыққа»)

2-тапсырма. Төменде берілген сөздердің дыбыстық құрамына талдау жасаңыз.

Қою, жою, қию, бұлгию, сүю, еңкею, жию, мия, тиянақты, ноян.

3-тапсырма. Төменде берілген сөздерді айтылуына жусықтатып жазыңыз. Фонетикалық заңдылықтарды ескеріңіз.

Қиын, басшы, мұрын, саябак, сыйлы, ми, қи, мұқият, физика, жи.

Тілдегі фонетикалық құбылыстар

1-тапсырма. Мәтіннен протеза құбылысын тауып, оған түсініктеме беріңіз.

1. Сол Верлиннің Латын Америкадағы өзіне лайық ізбасары Хуан Рамон Хименестің айтуы бойынша: "Өлең жазатындардың ең ұлысы - Рубен Дарио" /Қ.М./.

2. Бұл оның шығармашылық өмірінде, ал Ресейдің әлеуметтік тіршілігінде үлкен рөл атқарады /Қ.М./.

3. Кім екенімді танытып, сұлулығынан айналаң мейірленіп шыға келгенін айғақтайтын елеусіз де сыпайы емеуріндердің еш ретсіздігі жоқ. /М.Қ./.

4. Ол - "Райхан гүлі жанында" аталатын мейрамхананың иесі. /Қ.М./.

5. Үстел үстінде қол сағаты жатыр /Қ.М./.

2-тапсырма. Мәтіннен элизия, аферезис құбылыстарын табыңыз. Әрқайсысына түсініктеме беріңіз.

1. "Түске шейін жамап болып, өзі алып келсін!" - деген бұйрықпен байдың үйі жіберіпті, бүгін құлқын сәриден /М.Ә./.

2. Мына пәлесі тағы жатыр ма еді, жаратқан? - деп одан да көзі тайқыды /М.Ә./.

3. Тағы не екен? - деп сұрады Көлбай. /М.Ә./.

4. Не істейсің

сөзін? 3. Бірік жалғ-жұлт қарағанымен олар Көлбай жүзінен еш нәрсе ұста алмады /М.Ә./.

3-тапсырма. Мәтіннен редукция, дизреза, анакона құбылыстарын тауып, әрқайсысына түсініктеме беріңіз.

1. Ашы уығы көзін жейді, мұрнын жарады, қолқасын ашады /М.Ә./.

2. Екі кластың оқушылары да тым-тырыс.

3. Бұған байланысты гивет бетінде шыққан мақалалар өте көп.

4. Алты баласын бауырына ашып, бүкіл дүние мүлкін, малын түгелімен қозғалыстың мүддесіне жұмсауға бекінді /Р.С./.

5. Алғашқы кезде нәресте шақырғандай шілақанын қармай, мойнын бұлғай, көзін тұнжырата, ернін шошайта сойледі /Ж.А./.

4-тапсырма. Эпентеза, метатеза, гаплоглогия құбылыстарына сипаттама беріп, әрқайсысына көркем шығармадан мысал келтіріңіз.

Фонетикалық кешенді талдау

1-тапсырма. Берілген сөздерге фонетикалық кешенді талдау жасаңыз.

Сабағы, қиыстыру, далаға, шабарман, қоюланды, тапсыру, дәріхана, бейхабар

2-тапсырма. Мәтіннен үндестік заңының түрлерін тауып, ауызша сипаттама беріңіз. Қарамен берілген сөздерді көшіріп жазып, оларға кешенді талдау жасаңыз.

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?

Алыс-жақын *қазақтың* бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.
Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға *қисайғанда*.
Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?
Ендігі жұрттың сөзі - ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, маз болып *қуанарлық*.
Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.

(А.Құнанбаев «Көңілім қайтты достан да...»)

Әдістемелік нұсқау: Студент ағымдық бақылауға дайындалу барысында өткен теориялық тақырыптарды еске түсіре отырып, талдау жасайды. Бұл бақылау түрінде де студенттің теориялық білімдерін практикада пайдалана білу деңгейі ескеріледі.

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

Бірінші аралық бақылау сұрақтары

1. Фонетиканың зерттеу нысаны. Мақсаты мен міндеттері, теориялық және практикалық мәні.
2. Дыбыс. Әріп. Фонема. Фонеманың мәні, қызметі. Аллофондар.
3. Транскрипция. Оның түрлері
4. Фонетика саласының зерттелуі
5. Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдістер.
6. Дауысты дыбыстардың саны, сапасы, құрамы, белгілері.
7. Дауыссыз дыбыстардың саны, сапасы, құрамы, белгілері.
8. Буын. Буынға тән белгілер. Буынның дыбыстық құрамы. Түрлері.
9. Буын және тасымал. Тасымалдың ережелері.
10. Екпін. Түрлері. Екпін қабылдамайтын қосымшалар.

Екінші аралық бақылау сұрақтары

1. Үндестік заңы. Алмасу.
2. Тіл үндестігі. Тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.
3. Бейімдестік заңы. Түрлері.
4. Ұқсастық заңы. Түрлері.
5. Бейүндестік заңы.
6. Ерін үндестігі.
7. Тілдегі фонетикалық құбылыстар.
8. Орфоэпия. Қазіргі қазақ орфоэпиясының жай- күйі.
9. Орфография. Орфографиядағы принциптер.
10. Графика. Қазақ жазуының тарихы.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Фонетика, оның зерттеу нысаны, салалары
2. Қазақ тілі фонетикасының зерттелу жайы
3. Дыбыс. Әріп. Фонема. Олардың арақатынасы
4. Фонема жөніндегі көзқарастар
5. Сөйлеу дыбыстарын қарастырудың үш аспектісі
6. Фонетика және фонология
7. Транскрипция, оның түрлері
8. Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдістер
9. Дауысты дыбыстардың өзіндік белгілері, түрлері
10. Дауысты дыбыстардың зерттелу жайы
11. Дауысты дыбыстардың саны жөніндегі пікірлер
12. Дауысты дыбыстардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер
13. Жалаң және құранды дауыстылар. Ерекшеліктері
14. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың зерттелу жайы
15. Дауыссыз дыбыстардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай түрлері
16. Дауыссыз дыбыстардың саны жөніндегі пікірлер
17. Орыс тілінен енген дауыссыз дыбыстар. Ерекшеліктері
18. Дауыссыздардың айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер
19. Қазақ тіліндегі –ч фонемасының диалектілік сипаты
20. Буын, оның белгілері, түрлері
21. Қазақ тіліндегі буынның дыбыстық құрамы
22. Буын және тасымал. Тасымалдың ережелері
23. Екпін туралы түсінік
24. Екпін, оның түрлері
25. Қазақ тіліндегі епіннің жайы
26. Қазақ тіліндегі екпін қабылдамайтын қосымшалар
27. Үндестік заңы
28. Алмасу туралы түсінік

29. Тіл үндестігі. Тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшалар
30. Ерін үндестігі
31. Бейімдестік заңы. Түрлері
32. Ұқсастық заңы, түрлері
33. Бейүндестік заңы туралы түсінік
34. Тілдегі фонетикалық құбылыстар
35. Протеза, гаплоглогия туралы түсінік
36. Дизреза, метатеза, эпентеза
37. Элизия, редукция, аферезис
38. Орфоэпия туралы түсінік
39. Қазақ орфоэпиясының қазіргі жай-күйі
40. Орфоэпия және орфография
41. Орфография туралы түсінік
42. Орфографиядағы принциптер
43. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері
44. Қазақ орфографиясының қалыптасу, даму жолдары
45. Графика

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Сипаттамалы фонетика нені зерттейді?

А. тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастырады

В. тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін қарастырады

С. туыстығы жоқ, құрылымы әр басқа тілдердің дыбыстық жүйесін қарастырады

Д. тілдегі дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық қасиеттерін зерттейді

Е. дыбыстарды түрлі инструментгер, аппараттар арқылы зерттейді

2. Фонетиканы зерттеуде қолданылатын әдістер.

А. сұрақ-жауап, кинофотоға түсіру әдісі

В. баяндау

С. салыстырмалы, спектографиялық

Д. акустикалық, соматикалық

Е. әңгімелеу әдісі

3. Фонема туралы ілімнің алғаш негізін салған кім?

А. Ә. Жүнісбеков

В. Х. Досмұхамедұлы

С. И. А. Бодуэн де Куртенэ

Д. І. Кеңесбаев

Е. В. Виноградов

4. Қазақ тілі вокализмін тұңғыш сөз еткен ғалымдар?

А. Жүнісбеков, Х. Досмұхамедұлы

В. А. Байтұрсынов, Ғ. Мұсабаев

С. С. Мырзабеков, І. Кеңесбаев

Д. Н. Оралбаева, Бейсенбаева

Е. Н. Ильминский, П. Мелиоранский

5. "Фонема" атауын "сингармема" атауымен өзгертуді ұсынған ғалым.

А. Ә. Жүнісбеков

В. І. Кеңесбаев

С. Ғ. Мұсабаев

Д. С. Мырзабеков

Е. К. Бейсенбаева

6. Дауыссыз дыбыстар акустика-артнуляциялық ерекшеліктеріне қарай неше топқа бөлінеді?

А. 5

В. 6

С. 7

Д. 3

Е. 4

7. Дауыстың қатысына қарай дауыссыздар қандай топтарға бөлінеді?

А. үнді, ұяң, қатаң

В. шұғыл, ызың, діріл

С. ерін, тіс пен ерін

Д. тіс, тіл ұшы, тіл ортасы

Е. тіл алды, көмей, тіл арты

8. Дауыссыздар айтылу жолына қарай қандай топтарға жіктеледі?

А. шұғыл, ызың, діріл

В. үнді, ұяң, қатаң

С. еріндік, езулік

Д. көмей, тіл арты

Е. тіл ортасы, тіс пен ерін

9. "Ц" дыбысы айтылу кезінде қандай элементтерден тұрады?

А. тц

В. цт

С. тш

Д. т, с

Е. т, шь

10. "Ч" дауыссызын қандай дыбыс деп атайды?

А. аффрикат дыбыс

В. көмей дыбысы

С. тіл арты дыбысы

Д. мұрын жолды дыбысы

Е. тіс дыбысы

11. "м, н, ң, л, р, и" дыбыстарын дауыстылардың қатарында қарастырған кім?

А. А. Байтұрсынов

В. С. Мырзабеков

С. Қ. Жұбанов

Д. І. Кеңесбаев

Е. К. Бейсенбаева

12. Шұғыл (эксплозив) дауыссыздарды тап.

А. ш, ж, х, ғ

В. ц, л, й, у

С. н, ң, ж, ш

Д. п, б, м, т

Е. ф, в, с, з

13. Тіл ұшы (альвеоляр) дауыссыздарын тап.

А. п, б, м

В. н, л, ч

С. т, с, з
Д. У, н, р
Г. ш, ж, й

14. Діріл дауысызын тап

А. лп
В. р
С. м
Д. т
Е. д

15. Тіл арты (веляр) дауыссыздарын тап.

А. к, ғ, ң
В. х, к, г
С. р, ш, ж
Д. н, л, г
Е. ф, в, у

16. Екпін қабылдамайтын қосымшаларды тап.

А. -ла, ле, да, де
В. -ып, іп, п
С. -дай, дей, тай, тей
Д. -ған, ген, қан, кен
Е. -да, де, та, те

17. "Әмен, бәлки, һәммә" сөздерінде екпін қай буынға түседі?

А. екпін қабылдамайды
В. екінші буынға түседі
С. бірінші буынға түседі
Д. қосымша жалғанғанда ғана түседі
Е. екпін бірінші буынға да, екінші буынға да түседі

18. Қай сөзде екпін интонацияға байланысты?

- А. қалам
- В. ақымақ
- С. барша
- Д. студент
- Е. оқиды

19. Қазақ тілінде ешбір қосымшасыз айтылған сөзде екпін қандай?

- А. тұрақсыз
- В. тұрақты
- С. бірінші буынға түседі
- Д. екінші буынға түседі
- Е. ауыспалы

20. Протеза құбылысы қай сөзде кездеседі?

- А. бөрене
- В. кара ала
- С. керуует
- Д. леген
- Е. газет

21. Эпентеза құбылысы байқалатын сөзді тап.

- А. жеребе
- В. рұқсат
- С. минут
- Д. айта алмады
- Е. металы

22. Қай бунақтағы сөздерде элизия құбылысы байқалады?

- А. не істейін
- В. не ішесің
- С. не істейсің

Д. ала ешкі

Е. рәсім

23. Аферезис дегеніміз не?

А. сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара буын ауысуы

В. бунақта қатар келген екі дауыстының кейінгісінің түсуі

С. сөз ішіндегі біркелкі буындардың бірінің түсіп қалуы

Д. сөз ішіндегі дауыстылардың көмескіленуі

Е. жеке дыбысты немесе буынды ығыстыру

24. Метатеза құбылысы байқалатын сөзді тап.

А. әкпе, шақпыла

В. қорытынды, қызмет

С. үстел, қатынас

Д. секунд, грамы

Е. мұрын, еріні

25. Гаплалогия құбылысы дегеніміз не?

А. сөз ішіндегі біркелкі буындардың бірінің түсіп қалуы

В. айтуға ыңғайлы болу үшін жеке дыбысты немесе буынды ығыстыру

С. сөздің соңындағы дыбыстың түсіп қалуы

Д. сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара орын ауысуы

Е. бунақта қатар келген екі дауыстының кейінгісінің түсіп қалуы

26. "Дизреза" сөзі грек тілінен аударғанда қандай мағына береді?

А. ажырау

В. бірігу

С. кейін ысыру

Д. орын ауыстыру

Е. шолтию

27. Буын дегеніміз не?

- А. дыбыстардың бір-біріне әсер етуі
- В. түбірге не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке қосымшаның жалғануы
- С. тілдің дыбыстық жүйесі
- Д. дыбысқа берілген шартты таңба
- Е. ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке дыбыс не дыбыстар тобы

28. Сингармонизм заңын алғаш зерттеген ғалым.

- А. А.Байтұрсынов
- В. Х.Досмұхамедұлы
- С. Қ.Жұбанов
- Д. І.Кенесбаев
- Е. Ғ.Мұсабаев

29. Сингармонизм заңына бағынбайтын қосымшаны тап.

- А. -дай, дей
- В. -бан, жан
- С. -ды,ді
- Д. -ға, ге
- Е. -ып, іп

30. Ерін үндестігі дегеніміз не?

- А. дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуін атайды
- В. түбірге не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке қосымшаның жалғануы
- С. дауыссыздардың үндесуі
- Д. алдыңғы дыбыстың өзінен кейінгі дыбысқа әсері
- Е. кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсері

11. "Интонация" термині латын тілінен аударылғанда қандай мағына береді?

- A. жиі сөйлеу
- B. айту
- C. тыңдау
- D. сөйлеу тілі
- E. қысқашы сөйлеу

12. Интонология саласының объектісі не?

- A. сөз, сөз тіркесі
- B. сөйлеу тілі
- C. интонация
- D. дыбыс
- E. буын

13. Интонацияның негізгі қызметі?

- A. сөз бен сөзді байланыстыру
- B. сөйлемді сөйлеммен байланыстыру
- C. сөз мағынасын өзгерту
- D. сөзді түрлендіру
- E. сөйлемдерді, синтагмаларды мәтінде бір-бірінен айыру, әр түрлі эмоцияларды дифференциялау

14. Бейүндестік дегеніміз не?

- A. дауыстылардың үндесуі
- B. бір сөз ішінде артикуляциялық ұқсастығы жоқ екі немесе одан да көп дыбыстың келуі
- C. дауыссыздардың үндесуі
- D. еріннің қызметі жағынан дауыстылардың бір сөз келемінде үйлесім келуі
- E. түбір мен қосымша аралығындағы дыбыстардың бір-біріне әсер етуі

35. Бейімдестік заңының қандай түрлері бар?

- А. прогрессивті, регрессивті
- В. тоғыспалы, ілгерінді
- С. кейінді, тоғыспалы
- Д. диссимиляция, аккомодация
- Е. ерін үндестігі, ұқсастық заңы

36. Бейүндестік заңы байқалатын сөзді тап.

- А. Жампейіс
- В. ақ ешкі
- С. колидор
- Д. үстел
- Е. ыракым

37. Кейінді ықпалды сөзді тап.

- А. істер
- В. жүзі
- С. Көкпай
- Д. Есжан
- Е. ақ дала

38. Аккомодация дегеніміз не?

- А. морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, бейімделіп айтылуы
- В. дауыстылардың бір сөз көлемінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып ыңғайласып, үйлесіп келуі
- С. дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үндесіп келуі
- Д. морфемалардың жігінде көрші келген дауыссыздардың акустика-артикуляциялық жақтан бір-біріне ұқсауы
- Е. алдыңғы дауыссыздың өзінен кейінгі дауыссызға әсері

39. Ерін үндестігі байқалатын сөзді тап.

- A. буындары
- B. тілдер
- C. көбелек
- D. әншілер
- E. тамаша

40. Тіл үндестігіне бағынбаған сөзді тап.

- A. қосымша
- B. тәуелділер
- C. аңшылар
- D. Құнанбай
- E. қабілет

41. Әлемде қандай жазу жүйелері кең тараған?

- A. славян, ағылшын
- B. роман, парсы
- C. түркі, герман
- D. латын, кириллица, араб
- E. орыс, қазақ

42. Кириллица жазуының негізін салған кім?

- A. славян ағартушысы Мефодий
- B. славян ағартушысы Кирилл
- C. поляк тілін зерттеуші Бодуэн де Куртэне
- D. қазақ ғалымы Ә.Жұнісбеков
- E. қазақ ғалымы А.Байтұрсынов

43. Қазақ тілі жазуы неше түрлі жүйені басынан кешті?

- A. 2
- B. 5
- C. 4

Д. 3

Е. 6

44. Қазақ жазуы араб графикасын нешінші жылға дейін пайдаланды?

А. 1919 жылдарға дейін

В. 1930 жылдарға дейін

С. 1910 жылдарға дейін

Д. 1940 жылдарға дейін

Е. 1954 жылдарға дейін

45. Орыс графикасына негізделген жазуға көшу туралы заң қашан қабылданды?

А. 1950

В. 1925

С. 1970

Д. 1940

Е. 1930

46. Орфография саласы нені зерттейді?

А. біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы

В. алфавиттен тыс белгілердің графикалық жүйесі

С. сөздер мен сөз тіркестерінің бірізді дұрыс айтылуын қамтамасыз ететін ережелер жиынтығы

Д. жазуға қатысты барлық амалдың жиынтығы, әріп пен дыбыс арақатынасы

47. Қазіргі орфографияда қолданылатын негізгі принциптерді атаңыз.

А. бірізді принцип, жүйелі принцип

В. жетекші принцип, дифференциялаушы принцип

С. бір мәнді, көп мәнді принциптер

Д. дәстүрсіз, акустика-артикуляциялық принциптер

Г. морфологиялық, фонетикалық, дәстүрлік принциптер

48. Қазақ орфографиясындағы негізгі принцип?

- А. фонетикалық
- Б. морфологиялық
- С. дифференциялаушы
- Д. дәстүрлік
- Е. акустика-артикуляциялық

49. Дифференциялаушы принцип дегеніміз не?

- А. морфемалар құрамында болатын дыбыс алмасуларын елемей, бастапқы қалпын сақтап жазу
- Б. сөзді айтылуындай жазу
- С. дыбыстық құрамы бірдей сөздерді бір-бірінен орфографияның көмегімен айыру
- Д. сөздің бір кезде жазылып қалыптасқан, дәстүрге айналған түрін сақтап жазу
- Е. бір сөз екі түрлі не одан да көп түрде жазылатын жағдайда соның біреуін таңдап алу

50. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері алғаш қай жылы қабылданды?

- А. 1940
- Б. 1930
- С. 1925
- Д. 1957
- Е. 1964

51. "Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне" қай жылы толықтырулар мен түзетулер енгізілді?

- А. 1957
- С. 1948

В. 1983

Д. 1985

Е. 1990

52. рқ, нқ, кс, кт сияқты дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге қандай қосымша жалғанады?

А. жуан

В. жіңішке

С. жалғанбайды

Д. жуан, жіңішке

Е. дауыстыдан басталатын қосымша

53. Х әріпіне біткен сөздерге қандай қосымша жалғанады?

А. жуан

В. жіңішке

С. жалғанбайды

Д. жуан, бірде жіңішке

Е. дауыстыдан басталатын қосымша

54. Дұрыс жазылған сөзді тап.

А. Темір қазық

В. кемпір қосақ

С. арақатынас

Д. еңбек күн

Е. ақ құтан

55. Дәстүрлі принцип дегеніміз не?

А. морфемалар құрамында болатын дыбыс алмасуларын елемей, бастапқы қалпын сақтап жазу

В. сөздің айтылуындай жазылуы

С. сөздің бір кезде жазылып қалыптасып қалған түрін сақтап жазу

Д. дыбыстық құрамы бірдей сөздерді бір-бірінен орфографияның көмегімен айыру

Е. жазба тілде пайдаланылатын біркелкі жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі

56. Айтылуы бойынша жазылған сөзді тап.

А. таңдай

В. қорытынды

С. өлең

Д. мысық

Е. тізе

57. Фонологиялық екпін іштей қандай топтарға бөлінеді?

А. тұрақты, еркін

В. эмфазалық, еркін

С. морфологиялық екпін

Д. ой екпіні, тіркес екпін

Е. логикалық екпін

58. Екпін қабылдамайтын қосымшаны тап.

А. -мақ, -мек

В. -ның, -нің

С. -хана, -стан

Д. -менен, -пенен

Е. -дықтан, -діктен

59. Сөз екпінінің қандай түрлері бар?

А. тегеурінді, әуезді, мелшерлі

В. еркін екпін, тұрақты екпін, логикалық екпін

С. тіркес екпін, квантатив екпін

Д. лебізді екпін, фонологиялық екпін

Е. морфологиялық екпін, ой екпіні, тіркес екпіні

- Д тілдегі
- Е. Негізгі

69. Бірылғай палаталы дауыстылары бар сөзді көрсет.

- А. ғимарат
- В. сондықтан
- С. дәріхана
- Д. сөздеріміз
- Е. айтқан

70. Жіңішке, қысан, езулік дауыстыны ата.

- А. о
- В. ұ
- С. у
- Д. ы
- Е. и

71. Қай сөзде қысаң дыбыс дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда түсіп қалады?

- А. үрік
- В. бала
- С. жұдырық
- Д. ораза
- Е. таңдау

73. Ызын дауыссыздар дегеніміз не?

- А. дыбыстау мүшелерінің біріне-бірі жуысып, ауаның жолы барынша тартылады, бірақ ауа үзілмей, сүзіліп шығады
- В. дыбыстау мүшелері бір-біріне жабысып, ауа кілт үзіледі
- С. тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады
- Д. екі ерін бір-біріне жабысып немесе дөңгелене жуысып тұрады
- Е. астыңғы ерін үстіңгі тіске жуысады

74. Сөз соңында кездеспейтін дауыссыздарды ата.

- А. с, ш, т, к
- В. б, д, г, ғ, в
- С. к, м, з, ж
- Д. н, у, ң, о
- Е. л, р, п, г

75. Сөз басында кездеспейтін дауыссыздарды ата.

- А. б, д
- В. ж, н
- С. у, з
- Д. ң, й
- Е. к, х

76. һ дыбысы көбіне қандай сөздерде ұшырасады?

- А. төл сөздерде
- В. шығыс тілдерінен ауысқан сөздерде
- С. түбір сөздерде
- Д. туынды сөздерде
- Е. біріккен сөздерде

77. Қатаң, тіл алды дауыссызын тап.

- А. х
- В. һ
- С. ф
- Д. ш
- Е. р

78. Буын ішіндегі дауыссыздарды экспирациялық күшіне қарай қандай топқа бөлеміз?

- А. күшті бас дыбыс, күшті соңғы дыбыс
- В. әлсіз бас дыбыс, әлсіз соңғы дыбыс

- С. бас дыбыс, ортаңғы дыбыс
- Д. соңғы дыбыс, артқы дыбыс
- Е. алдыңғы дыбыс

79. Дыбыстық құбылыстар дегеніміз не?

- А. сөз ішіндегі біркелкі буындардың түсіп қалуы
- В. сөздің құрамында болатын әр алуан дыбыстық өзгерістер
- С. бунақта қатар келген екі дауыстының кейінгісінің түсіп қалуы
- Д. дауысыз дыбыстардың бір-біріне әсер етуі
- Е. дауыстылардың үндесуі

80. Интонацияның компоненттерін ата.

- А. негізгі, көмекші
- В. әуен, ұзақтылық, пауза, интенсивтілік, темір
- С. сөз, сөз тіркесі, сөйлем, дыбыс
- Д. фонема, буын, екпін
- Е. тасымал, бунақ, әуен

81. Транскрипцияның қандай түрлері бар?

- А. фонематикалық, фонетикалық
- В. дыбыстық, тіркестік
- С. ішкі, сыртқы
- Д. негізгі, көмекші
- Е. қысқа, ұзақ

82. Салғастырмалы фонетика нені зерттейді?

- А. тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастырады
- В. туыстығы жоқ, құрылымы әр басқа тілдердің дыбыстық жүйесін қарастырады
- С. тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін қарастырады

Д. тілдегі дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық - қасиеттерін зерттейді

В. дыбыстарды түрлі аппараттар арқылы зерттейді

81. Тарихи фонетика нені зерттейді?

А. тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін

В. туыстығы жоқ, құрылымы әр басқа тілдердің дыбыстық жүйесін

С. тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастырады

Д. дыбыстарды түрлі аппараттар арқылы зерттейді

В. тілдегі дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық қасиеттерін зерттейді

84. Фонема дегеніміз не?

А. сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға септігі бар тілдің ең кішкене функционалды единицасы

В. бір дыбыстың айтылуындағы ауытқу

С. тілдің дыбыстық жүйесі

Д. тілдің бір жақты единицасы: дыбысталады, бірақ мағынасы жоқ

Е. жазамыз, көреміз

85. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды эксперименттік жолмен зерттеген кім?

А. Ә.Жүнісбеков

В. А.Байтұрсынов

С. С.Мырзабеков

Д. І.Кеңесбаев

Е. Ж.Аралбаев

86. Кириллица жазуы қай жылы пайда болған?

А. 1873

В. 863

С. 962

Д. 786

Е. 545

87. Графема дегеніміз не?

А. тілдің графикалық жүйесіндегі ең кіші единица

В. сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға септігі бар тілдің ең кішкене единицасы

С. дыбысталады, бірақ мағынасы жоқ

Д. тілдің мағыналы единицалары сөз бен морфемаларды құрастыратын материалдар қызметін атқарады

Е. сөз бен сөзді байланыстырады

88. Лабиаль дауыстыларды тап.

А. о, ү

В. а, ө

С. ы, і

Д. и, у

Е. ұ, е

89. Физиологиялық фонетика нені зерттейді?

А. тілдегі дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық қасиеттерін зерттейді

В. дыбыс құбылыстарының шығу және даму жолдарын зерттейді

С. бір тілдің дыбыс құбылыстарын өзге тілдің дыбыс жүйесімен салыстырады

Д. өз объектісін зертхана жолымен, түрлі құралдар, аспаптар арқылы зерттейді

Е. дыбыстарды тарихи тұрғыдан қарастырады

90. Буынның ығысуы дегеніміз не?

А. кей буындарға үш дыбысты тұйық буын жалғанса, алғашқы буынның соңғы дауыссызы кейінгі буынға сырғиды

- И. дауыстыға біткен буынға дауыстыдан басталған буын жалғанса, алғашқы дауысты түсіп қалады
- С. дауыстыдан басталып дауыссызға аяқталған буын
- Д. бір дауысты фонемадан болған буынды
- Е. бір дыбыстың екінші дыбысқа әсер етуі

91. Леббзді екпінді лингвистикалық әдебиеттерде тағы қандай атаумен қарастырады?

- А. үнді екпін
- В. тоникалық екпін
- С. квантитатив екпін
- Д. экспираторлық екпін
- Е. тондық екпін

92. Ерін үндестігі (лабиальдық аттракция) қай тілдерде жиі кездеседі?

- А. қазақ
- В. өзбек
- С. татар
- Д. алтайлық
- Е. орыс

93. "Ассимиляция" сөзі латын тілінен аударғанда қандай мағына береді?

- А. ұқсамау
- В. ұқсау
- С. алдында тұру
- Д. қыстырылу
- Е. кейін ысыру

94. Сингармонизм заңына бағынбайтын сөзді көрсет.

- А. дәмхана
- В. асхана

- С. әншілер
- Д. достары
- Е. әкемен

95. "Аккомодация" сөзін латын тілінен аударғанда қандай мағына береді?

- А. ұқсау
- В. үндесу
- С. бейімделу
- Д. ерін үндестігі
- Е. ұқсамау

96. Фонетика саласын зерттеуші ғалымдар

- А. А.Ысқақов, Н.Оралбаева
- В. С.Мырзабеков, І.Кенесбаев
- С. Әбілқажов, А.Қалыбаева
- Д. Ә.Болғанбаев, Ә.Айтбаев
- Е. М.Балақажов, М.Серғалиев

97. Тасымалдауға келмейтін сөзді тап

- А. жаза
- В. оқуы
- С. сәби
- Д. және
- Е.бірақ

98. Барма сөзінде екпін қандай буынға түскен?

- А. Бірінші буынға
- В. екінші буынға
- С. мүлдем екпін қабылдамайды
- Д. бірінші, екінші буынға да түседі
- Е. Жалғау жалғанғанда ғана екпін қабылдайды

99. Буларга дұрыс бөлінбеген сөзді тап

- A. Не - гіз - дел - ген
- B. Қар - лы - ғаш
- C. та - бас - та - рын - да - ғы
- D. ат - тар - ы - ның
- E. А - тау - лар

100. Қатаң дауыссыздан басталып, қатаң дауыссызға аяқталған сөзді тап

- A. Ойлант
- B. Қызарт
- C. сарғайды
- D. сәнкой
- E. Шешен

ГЛОССАРИЙ

- Алмасу** - (лат. alternatio, орысша - чередование) - әртүрлі сөзформалардың құрамында кездесетін морфеманың бір дыбысының көрші дыбыстың әсерінен өзгеруі.
- Аккомодация** - (лат. accommodatio -бейімделу) - морфемалардың жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпалы.
- Аллофон** - (грек. allos - басқа)- бір дыбыстың айтылуындағы ауытқу.
- Ассимиляция** - (лат. assimilatio - ұқсау) - морфемалардың жігінде көрші келген дауыссыздардың акустика-артикуляциялық жақтан бір-біріне ұқсауы.
- Апокопа** - (грек. apokope - шолтпаю) - сөздің соңғы дыбысының үсіп қалуы.
- Аферезис** - элизияға қарама-қарсы құбылыс.
- Аффрикат** - актив және пассив дыбыстау үшелерінің толық ашылмауына байланысты пайда болатын саңылаулық дауыссыз дыбыстар.
- Әріп** - дыбысқа берілген шарты таңба
- Вокализм** - (лат. vocalis - дауысты дыбыс) - тілдегі дауысты дыбыстардың жүйесі.
- Гаплогогия** - (грек. haplos- жеке, жай) - сөз ішіндегі біркелкі буындардың бірінің түсіп қалуы.
- Графика** - (грек.graphike - жазылған, өрнектелген, сызылған) - жазу және оған қатысты мәселелерді қарастырады.
- Графема** - тілдің графикалық жүйесіндегі ең кішкене бірлік.
- Диссимиляция** - (лат. dissimilatio - ұқсамау) - дыбыстардың комбинаторлық өзгерістерінің бір түрі.
- Диэреза** - (грек. diaresis - ажырау) - айтуға ыңғайлы болу үшін жеке дыбысты немесе буынды ығыстыру.

Дифтонг – (грек. diphthongos- екі дауысты) - екі элементтен тұратын түрделі дауысты дыбыс.

Консонантизм – (лат. consonantis - дауыссыз дыбыс) - тілдегі дауыссыз дыбыстар жүйесі.

Метатеза – (грек. metathesis - орын ауыстыру) - сөз ішіндегі дыбыстардың өзара орын ауысуы.

Орфоэпия - (грек. Orthoepia, orthos- дұрыс және epos - сөйлеу) - дұрыс сөйлеуді зерттейтін лингвистика саласы.

Орфография - (грек. orthographia -дұрыс және grapho - жазу) - сөздердің дұрыс жазылуын зерттейтін сала.

Протеза – (грек. prothesis -алдында тұру) - сөз алдынан басы артық дыбыстың қосылуы.

Редукция –(лат. reductio - қайта оралу, кейін ысыру) - сөз ішіндегі дауыстының көмескіленуі.

Сингармонизм – (грек. sun -бірге және harmonisa - үндесу) - түркі тілдеріне тән аса күшті заң.

Фонетика –(грек. phonetikos - дыбыстық, дауыстық) - тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін сала.

Фонема – (грек. phonema - дыбыс, дауыс) - сөздер мен формаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға селтігі бар тілдің ең кішкене бірлігі.

Элизия - (лат. elisio- ығыстыру) - бунақтағы сөздердің арасында қатар келген екі дауыстының алдыңғысының түсіп қалуы.

Эпентеза –(грек. epenthesis - қыстырылу) - сөз ішінде дауыссыздардың арасында дауыстының қыстырылуы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер.-Алматы, 1988
2. Аралбаев Ж.А. Вокализм казахского языка. –Алматы, 1970
3. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы.-Алматы, 1995
4. Байтұрсынов А. Тіл тағышымы.-Алматы, 1992
5. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері.-Алматы, 1965
6. Бейсенбаева К. Қазақ тілі фонетикасы.-Алматы, 1973
7. Дүйсебаева М. Қазақ әдеби орфоэпиясының кейбір мәселелері.- Алматы, 1973.
8. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. //Аламан.-Алматы, 1991
9. Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы. –Қарағанды, 1999
10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.-Алматы, 1966, 1991
11. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. –Алматы, 2009
12. Джунисбеков А. Просодика слова в казахском языке.-Алматы, 1987
13. Дүйсембаева М. Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. –Алматы, 1973
14. Дүйсебаева М. Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі,- Алматы, 1981
15. Жүнісбеков А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі.- Алматы, 2005
16. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика.- Алматы, 1975
17. Қазақ орфографиялық сөздігі. –Алматы, 1963
18. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі.-Алматы, 1988
19. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы, 1954
20. Қазақ грамматикасы.- Алматы, 2002
21. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы.- Алматы, 1984
22. Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу.-Алматы, 1982

21. Молдина Г., Оралбаева Н., Әбілқасов А. Қазақ тілі. – Алматы, 1993
22. Мырзабекұлы С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1993
23. Негізгінен Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 197
24. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1985
25. Суралибаев Н. Қазақ тілі. Педучилшелерге арналған. – Алматы, 1953
26. Сығдықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтамалық. – Алматы, 1974 (екінші басылуы)
27. Сығдықова Р. Сөз сазы / сөзді дұрыс айту нормалары/. – Алматы, 1983
28. Сығдық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, 2000
29. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1991
30. Фонетика казахского языка. – Алматы, 1969
31. Хисенов А. Тіл білімі. – Алматы, 1996

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	5
ДЫБЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ.	
ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР. САНЫ, ҚҰРАМЫ, САПАСЫ.....	13
ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР, ОЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ.	
САНЫ, САПАСЫ, ҚҰРАМЫ.....	18
БУЫН. ЕКПІН.	23
ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮНДЕСУІ.....	28
ТІЛ ҮНДЕСТІГІ.	
ТІЛ ҮНДЕСТІГІНЕ БАҒЫНБАЙТЫН ҚОСЫМШАЛАР.....	30
ЕРІН ҮНДЕСТІГІ.....	33
БЕЙІМДЕСТІК ЗАҢЫ, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	35
ҰҚСАСТЫҚ ЗАҢЫ. ТҮРЛЕРІ.....	37
ОРФОЭПИЯ. ОРФОГРАФИЯ. ГРАФИКА.....	40
ДЫБЫСТЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР.....	44
ФОНЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ.....	46
ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР.....	48
СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ	
ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	50
АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	53
АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ.....	69
ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ.....	70
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	72
ГЛОССАРИЙ.....	96
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ:.....	98

Еспекова Л.Ә.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ

Оқулық

Үлгісі 60x100 1/16
Тығыздығы 80 гр./м². Қағаздың ақтығы 95%.
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 104 бет. Шартты баспа табағы 6.5



«Эверо» баспасында басылымға
дайындалды және басып шығарылды
ҚР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22.
тел.: 8 (727) 233 83 89, 233 83 43,
233 80 45, 233 80 42
e-mail: evero08@mail.ru